



www.farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Ushqyr oila! Brikke samğa! Álemdi sharla!

Farabı

№04
сәуір
2024

shákirti

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



"Farabi shákirti" зерек жасөспірімдерге арналған Республикалық басылым

**Құрметті Қазақ баспасөзінің жанашыры ата-ана!
Оқырман! «Farabi shakirti» журналына
2024 жылдың II-жарты жылдығына, яғни**

6 айына жазылу жалғасуда:

Қала бойынша: 6 айға жазылу бағасы: 3161 теңге 40 тиын;

Аудан-ауыл: 3187 теңге, 20 тиын.

Индекс: 76081

Электронды журналға жазылу:

6 ай – 3079 теңге, 80 тиын; 3105 теңге 60 тиын.

Индекс: 26081

Әлеуметтік желідегі парақшаларымыз:

[https:// farabishakirti.kz](https://farabishakirti.kz);

facebook;

instagram



Байланыс: 87017309312

Зерек жасөспірімдерге арналған Республикалық басылым

Farabi shákirti

№04 (56) сәуір, 2024 жыл

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,
айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).**

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**

Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**

Тамила ИБРАГИМОВА

Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

Редакцияның мекенжайы: 040600

Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81

87017309312

E-mail: farabi_shakirti@mail.ru

ТАРАЛЫМЫ – 228 ДАНА

Журнал Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде
28.01.2019 жылы тіркеліп,
№17481-Ж куәлігі берілді.

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік
мекемесі Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және
желілік басылымды қайта есепке қою туралы

КУӘЛІК № KZ92VPY00083151

Астана қ. Берілген күні: 04.12.2023 ж.

Атауы: сетевое издание, www.farabishakirti.kz

Тілі: казахский

Шығу жиілігі: 1 раз в месяц

Меншік иесі: ТОО "MODERN MEDIA ALMATY" ЖШС

Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен орта және
жоғары оқу орындары оқытушыларына, сала мамандарына,
магистранттар мен жасөспірімдерге арналған Республикалық
желілік басылым-сайты

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:

17.02.2021, KZ43VPY00032526

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы
мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап
бермейді.

Мұқабаның суреті ашық дереккөзінен алынды.



«ТҰРМАСАҢ ҚАЛЫҢ ЖҰРТҚА ҚАРАЙЛАСЫП»

Әлішер Науаи

Науаи Әлішер (Низамеддин Мір Әлішер) (парсыша: *ای یاون ری شیلیع*) (1441 ақпанның 9, Ғират - 1501 қаңтардың 3, сонда) - Түркі халықтарына ортақ ұлы ақын, ойшыл, мемлекеттік қайраткер.

Әкесі қайтыс болғаннан кейін 12 жасар Науаиды Бабыр өз тәрбиесіне алған. Науаи 15 жасында түркі және парсы тілдерінде бірдей

жазатын белгілі ақын ретінде танылды. Ғиратта, Мешхедте, Самарқанда оқып, логика, пәлсапа, математика пәндерінен мағлұмат алды. Өзінен бұрынғы Фирдауси, Низами, Дехлави, Хорезми, Сайф Сараи, замандастары Атаи, Саккаки, Лутфи, Жәми шығармашылығымен танысты.

*Нағыз адам өз елінің тағдырына қамқорлық жасамайтындарды адам деп айтпас болар.

*Өзі тамаша адамның ғашық жары да тамаша болуға тиіс.

*Уайымсыз өтсем десеңіз,

Ғылым қамын жесеңіз.

*Не керек жатқан байлық судай тасып,
Тұрмасаң қалың жұртқа қарайласып.

*Кітап ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына.

*Ақ жолында кім үйретсе бір әріп

Болмас оның қызметін қайтарып.

*Тәрбиенің бірінші шарты балаға жақсы есім таңдау.

*Жаланың жыланнан да зәрі уытты,

Зұлымның аждаһадан кәрі мықты.

*Жақсы адам өзінің жыртық тонымен де сыйлы, гүл өзінің жапырағымен сыйлы.

*Жақсы дос бойға жарасады,

Жақсы жолдас ойға жарасады.

*Білмегенді сұрап үйренген - ғалым, арланып сұрамаған - өзіне залым.

*Саулық тілесең — көп жеме.

*Өз халқының қамын жеп,

Қайрат қылмас кісіні,-

Атамаңыз адам деп,

Ұқсаса да мүсіні.

*Опасызда ұят жоқ,

Ұятсызда опа жоқ.

Дереккөздері:

Bilimall.kz; assembly.kz; 7-su.kz



Мемлекет басшысы БҚО Қаратөбе ауданындағы эвакуациялық пунктке барды

БҚО, Қаратөбе ауданы.

Президент су басқан аумақтарды тікұшақпен аралап шыққаннан кейін аудан орталығындағы Қажым Жұмалиев атындағы мектеп-гимназия базасында орналасқан эвакуациялық пунктке барды. Мемлекет басшысы гуманитарлық көмекті тарататын пункттің жұмысымен танысып, су тасқынына байланысты жақын маңдағы ауылдардан көшірілген тұрғындармен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындармен әңгімелесу барысында мұндай көлемдегі тасқынның бұрын-соңды болмағанына назар аударды. Оның айтуынша, осыған ұқсас жағдай 1994 жылы болған. Бірақ биылғы тасқын одан да асып түсті.

Президент шығындарды өтеу үшін мемлекет барлық қажетті шараны қабылдайтынын айтты.

– Хал-жағдайларыңызды білу үшін арнайы келіп отырмын. Бұл – бұрын-соңды болмаған үлкен табиғи апат. Сондықтан бәріміз бір ел, бір халық болып әрекет етуіміз керек. Мемлекет, Үкімет баршаңызға қол ұшын береді. Материалдық, қаржылық көмек көрсетеді. Оған еш алаңдамаңыздар. Бәрі дұрыс болады, – деді Президент.

Кездесуде жергілікті тұрғындар Жақсыбай және Қалдығайты өзендеріне көпір салып беруді, сондай-ақ ауыл маңындағы бөгеттерді жаңғыртуды сұрады.

Мемлекет басшысы аталған мәселе бойынша Үкіметке тиісті тапсырма беретінін жеткізді. Сонымен қатар қарғын суды халықтың игілігіне пайдалану қажет екенін атап өтті.

БАЛА ПӘК ЖҮРЕГІНІҢ ТІЛЕГІ

Нұрасылдың тамшыдай көмегі су жайылған жағалауға таудай тосқауыл болсын дейміз. Еліміздің он облысындағы үйлерді қарғын су басып, адамдардың эвакуацияланғанын, бүкіл ел болып гуманитарлық көмек жөнелтіп жатқанын естіген бастауыш сынып оқушысы ата – анасы берген ақшаны жинап жүргенін айтты. Аз болса да бір кәдеге жарасын деп ата – анасына қолқа салып, Құлсарыға қаражат жібергісі келетінін айтқан. Олар да баласының жүрегіндегі мейірімді, бауырмал, жанашырлық сезіміне қайран қалып, гуманитарлық көмек жинап жатқан орынға алып келген.



Нұрасыл бұл көмегін Құлсары халқына жеткізуін өтінді.

М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясының 4-сынып оқушысы Нұрасыл Игілікұлы жұрттың ризашлығына бөленіп, үлкендердің батасын алды. Еліміздегі су тасқыны бастауыш сынып оқушысын да күрсіндірді. Себебі, қарғын судан тек ересектер ғана емес, өзімен жасты балалар да зардап шегіп жатыр. Маңғыстау облысы, Ақшұқыр ауылынан Құлсарыға аттанатын көмек туралы естіген Нұрасыл арнайы жинап жүрген қаражатын мұқтаж жандарға беріп жіберді, – деп хабарлайды Egemen.kz.

Балақай тасқын судан зардап шеккен халыққа арнайы құтыда жинаған тиын-тебенін жіберді.

Аз да болса көптей көрген халық Нұрасылға алғысын жаудырып жатыр.

«Құлсарыдағы ағаларыма, бауырларыма осы тиынды бергім келіп отыр. Қобдишаға жинап жүрген тиыным еді. Енді оны сіздерге табыстаймын, бауырларыма жеткізіп берсеңіздер деймін», – деді Нұрасыл Игілікұлы өзінің видеоүндеуінде.

Желі қолданушылары баланың бұл ісін мақтап, «елім деген жүрегіңнен айналайын», «өркенің өссін!», «жарайсың!», «аман жүр, өзіңе еселеніп қайтсын!» деген сарында жылы лебізін білдіріп жатыр.

Фото: ТЖМ, Алатау ақпараты

«Ана тілім ғажап деп айта аламын»



«7-бап

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі».

Қазақстан Республикасының Конституциясы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес Оқу – ағарту министрлігі (БҒМ) «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекітті. Барлық мектеп ұстаздары осы жобаны басшылыққа ала отырып, сабағында еліміздің классик жазушылары мен ақиық ақындарының, шетел жазушыларының қазақ тіліндегі аудармаларынан үзінділер пайдаланып, алдындағы шәкірттеріне бар ықыласымен көркем сөйлеу мәдениетін үйретіп келеді. Оқушы тек мектепте өткен тақырыппен ғана шектелмей, үнемі көркем шығармаларды оқумен қатар өзі де шығармашылықпен айналысуы қажет.

Қазақ тілі – әлемдегі ең бай тіл. Өйткені қазақ тілінің сөздік қоры 2,5 миллион сөзден тұрады екен. «Әлем тілдерінің ішінен тек үш тілдің ұлылығын мойындадым. Ол – орыс, француз және қазақ тілі», - деп жазған ресейлік шығыстанушы-түрколог В.Радлов XIX ғасырдың өзінде. Зерттеулерге қарағанда Шекспир мен Байронның бүкіл шығармасын алғанның өзінде сөздік қорда бар - жоғы 15 мың сөз ғана. Ал Мұхтар Әуезовтің бір ғана «Абай жолы» эпопеясында 17 мың сөз қолданылғанын айтады. Міне, осындай бай, көркем, сөздік қоры ұшан – теңіз Ана тіліміздің бір сөзін жоғалтпай алдағы ғасырларға сақтап, жеткізу - әрбір қазақстандықтың, әр отбасы мен мектептің міндеті. Бұл орайда, барлық пәндер ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғаліміне жүктелер міндет ауқымды.

Баланың тіл байлығын арттыратын – халық ауыз әдебиеті. «Батырлар» жырлары, ертегілер, аңыз – әңгімелер, ақындардың өлеңдері. Бүгінде, баласына ертегі айтатын ата – ана, ата – әже өте сирек. Заман ілгеруілеуіне байланысты жаңа технологиялар дамып, ертегілер ойыншық киіз үйлерге, қуыршақтарға көшіріліп, сатылуда. Телефонда қаншама сайттар арқылы кез келген балаларға арналған әсіресе,

мультфильмдерді көруге болады. Мұндай дүниелер қалай дамыса да, ата – ананың, ата – әжесінің дауысымен оқып берген ертегі, жырларына жетпейді.

Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ бергендіктен, үнемі шәкірттердің отбасында, мектепте, бір – бірімен ана тілінде сөйлегенін құптауым. Ана тілінің қасиеті дүниеге келген күннен, тіпті анасының құрсағында жатқан ана тілімізде ән тыңдап, аналық мейірімге толы ғибраттарға қанықса, сәбидің жандүниесіне сіңеді дегенді көз қарақты қариялар жиі айтатын. Олардың айтқан ойлары бүгінде сол қалпында сақтаулы. Соған қарамастан, Ана тілімізге келгенде, сөйлесуден қалып бара жатқанымыз жасырын емес. Біз бүгін телефондағы сурет тілімен сөйлесеміз. Бұл әдет үлкеннің де, баланың өмір сүру үрдісіне әбден сіңіп барады. Бұдан қалай арыламыз? Меніңше, бұл сұрақтың жауабын танымал ақындарымыздың өлеңдерінен іздейміз.

Ана тілім ғажап деп айта аламын,
Жәннаттай жан балқыта жай табарым.
Шырқатып ғұмыр бойы айтар әнім -
Келеді толас таппай қайталағым.
Тозбайды сыны кетіп, сұры қашып,
Біз әлі қанған жоқпыз сырын ашып...
Қазағы қадырына жеткен сайын
Жайнайды,
Ертеңге де нұрын шашып.
Мұзафар Әлімбаев (Ана тілім ғажап деп айта аламын).



Міне, осындай сырлы қалам ұшынан төгілген ақындарымыздың әр өлеңін оқыған шәкірттеріміздің Ана тілін құрметтейтіні сөзсіз. Ана тіліміз жайлы жас ақындарда, мектеп оқушылары да қалам тербеуде. Қаншама кітап жарыққа шығуда. Шығармалар мен өлеңдер өз алдына, ана тілімізге деген құрмет ең бірінші кезекте отбасында қастерлі болғаны орынды. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында атқарылып келе жатқан игі істердің алғашқы қолдаушысы – мектеп мұғалімдері. Шәкірт тәрбиесінің тағлымды, білімінің сапалы болуы – әр істе өнеге көрсететін ата – ана, мектеп оқушыларына - ұстаз, қоғамда үлгі болатын қайраткерлер деп білемін.

ЖАНАТХАНОВА

**Рауан Жанатханқызы,
Алматы қаласы, Алмалы ауданы,
№15 гимназияның қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**Дереккөзі: Қазақстан Республикасының
Конституциясы;
Қазақ тілі туралы дерек: Aiqyn.kz;
Өлең: Bilimall.kz**

«Тарихы терең, табиғаты ерен, Таулы өлкем - менің!!!»

«Тарихы терең, табиғаты ерен, таулы өлкем менің» мақаласында Қазағымның кең байтақ, шұрайлы, таулы аймағы Еңбекшіқазақ ауданы, туған жерім «Есігім - алтын бесігім» жайлы терең талдау берілген. Тарихи оқиғалардың куәсі болған таулы аймақ қазіргі ұлттық құндылықтар мен өмір салтын қалай қалыптастырғанын, осы құндылықтардың қазіргі өмір салтымызда қолданылуымен сақталуын, сондай-ақ дәстүрлерді сақтау мен дамытудағы жастардың рөлі, жаһандану жағдайында еліміздің мәдени мұрасының болашағы қарастырылып, мәдени прогресс пен ұлттық құндылықтарды дамыту үшін - өткен мен бүгіннің үйлесімділігінің маңыздылығы айтылады.

Қазақстан, Есік, Алтын - адам, Ұлы даланың жеті қыры, обалар, археология т.б.

Әр ұлттың - мемлекет болып қалыптасуы үшін туған жері, өз мекені, яғни «жері» болуы керек. Біз Қазақстан елі өз тәуелсіздігімізді алып, нақты мемлекет болып қалыптасқанымызға, бұйыртса 33 жылға аяқ басып отырмыз, шүкір өзіміздің - Тәуелсіз Отанымызда өмір сүріп келеміз, 33 жылда әлемге танылып, еліміз көркейіп дамып келеді. Алдағы уақытта болып жатқан қиындықтар да түзеліп, еліміз дамып алпауыт елдердің қатарына қосыламыз деп сенім артамын. Мен өзімнің туған өлкем «Есігім - алтын бесігім» жайлы жазып отырмын. Есік қаласы - қазіргі Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының орталығы. Іле Алатауының солтүстік баурайында, Алматы қаласынан 50 шақырым жерде орналасқан. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ - осы жазықтықта 40-тан астам обалар орналасқан. Ерекше атап айтатын обасының бірі «Есік» обасы - обаның диаметрі 60 метр, биіктігі 6 метр. Есік обасының ерекшелігіне келетін болсақ - бұл обадан 17-18 жас шамасындағы сақ ханзадасы «Алтын адам» жерленген, Алтын адам - ерекше сән - салтанатпен жерленген, мәйіттің оң жақ бел тұсында ағаш қынды қанжар-ақинақ ілінген,



белдігінде аң-жануарлар бейнелері салынған алтын қаптырмамен әшекейленген. Мәйіттің сол жағында - алтын ұшты жебе, қамшы, шағын жібек қоржын болған. Сонымен қатар қабір ішінен алтын түймелер, қола теңгелер, күміс табакша, 4000-нан астам бұйымдар табылған.

Ханзаданың үстіндегі киім-кешектері алтынмен қапталғандықтан - ол Алтын адам деп тарихта сақталып қалған. Ал «Есік» сөзінің тарихына келсек-ежелгі өмір сүрген тайпалар



өздерінің там үйлері мен киіз үйлерінің есіктерін ағаштан ойып, әшекейлеп ойып жасай білген, керемет қолөнершілер мен шеберлер қоныстанған аймақ болғандықтан, осы аймаққа «Есік» деген атау берілген деген тарихи мәліметтер бар. Қала ортасынан өтетін өзен мен шаһардың оңтүстігінде 17 шақырым жерде орналасқан көл де Есік атауымен аталып кеткен. Есік өзені Есік асуынан бастау алады. «Есік» сөзінің мағынасына келетін болсақ - түркі тілінде «қасиетті», «киелі» деген мағынаны білдіреді. Қазақтың әр сөзі тегін айтылмағанына тағы бір

куә ұғым - Қайтып кірер есігіңді қатты жаппа!!! Есіктің, босағаның киелі екенін айта аламыз. Есік қаласы табиғаты таза, суы мөлдір, тауы нулы, көк майса, шалғын, түрлі шөптер мен жемістерге толы, табиғи байлығы мол керемет аймақ деп айта аламын. Мен өз Отаным - Қазақстанды, туған жерім Есік қаламды мақтан етемін!!!

**Сатыбалды Диас Сатыбалдыұлы,
Абай атындағы РММИ, Алматы қаласы
11 сынып оқушысы**

Қайрат ӘЛІМБЕКОВ,
журналист, ақын.

Қазақстан жазушылар одағының мүшесі,
Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының
лауреаты

АНАМА

Анам Айымхан Құрманқожақызының рухына
Көңілім сенбей алаңдай берем.
Қалайша нансын бұл көңіл?!
Ағарса жаулық анамдай көрем.
Құлазыр сосын мүлде өмір
Деген ең: «Жолдан кешікпе, қарақ!...»
Соңғы сөз екен, білер ме ек...
Кеп қалар-ау деп есікке қарап.
Жатыпсың көзбен түгендеп.
Жанарың сонда толқыда-ау асыл.
Он бір ұл-қызың толықпай,
Жасамай жатып жарты да ғасыр,
Қайдағы бір дерт жолықты-ай.
Қайғыдан осы состиып қалған.
Ойлаймын жүдеу әкемді,
Төгіле берсе жас түйіп те алған
Бақандай бәрін көтерді.
Ғарышқа шықты мақсұтым қаптап,
Анашым, жалғыз сені іздей,
Өссек пе дейміз ақ сүтінді ақтап,
«Баласы нашар...» дегізбей.
Көңілім сенбей санамды бөлем
Қалайша нансын бұл көңіл?!
Түсімде тірі анамды көрем.
Ұйықтай да қалсам түнде бір...

КЕЛДІҢ БЕ, КӨКТЕМ?!

Келдің бе, көктем, күлдіріп күнді де көктен,
Шуағын айтсай маңдайдан үлбіреп өпкен.
Көкешім менің, келдің бе, көкектен бастап,
Қайырып құстың керуенін Үндіге кеткен.
Қыраулы қыстан қалғанбыз қыстығып анық.
Бір жақтап қысып, бұ түбің түскірің – нарық...
Мейірім бәрін жеңерін дәлелдеп тағы.
Сен жеттің, көктем, оңтүстік ыстығын алып.
Бір жылы сезім оянып салқын қанымда,
Таптырмай байыз тулайды толқын жанымда...
Қатулы қыстың ақшақар – көрпесін серпіп,
Сен жүрсің – қыздың жалтылдап балтырларында.



Жыр болып шығар жігіттің ыршып сөздері,
Осы болар ма жолынан қырсық безгені!
Тындай білсеңіз, Наурыздың наз күйін шертер,
Жасыл әлемнің қылтиған бүршік-көздері.
Астана бұлай көрмеген бұлғақтап көптен
Адымың – ақша болса да мұнда аттап өткен.
Жылдағыдан да айрықша аңсадық сені.
Қадірің көктем, қаншалық қымбатта-а-п кеткен?!
Келдің бе, көктем, дабылдап «Жедел жәрдемдей».
Үміттері бар пенденің сенен де әрі мендей.
...Таусылған үйде отын да... төзімім түгіл,
Суыққа енді шынымен көрем бе әл бермей!..
Келдің-ау, Көктем!..

ҚАЛАМ МЕН ҚАДАМ

Аппақ бетке із түсірсе қаламым,
Өміріме із түсірмек қадамым.
Осы іздері арқылы біз танимыз,
Адамдардың адамының адамын!
Кейде екеуін асығыстау жұмсаймын,
Жұмсаймын да бәйгекердей бусаймын.
Алға ұмтылмай, асықпай, дос, қайтейін,
Қарсы алдымда құшақ жайып тұрса айдын.
Кейде екеуін өз орнымен жұмсаймын, -
Жамандықты жақсылықпен бір шайдым.
Екеуіңнің бойына мол сыйыпты,
Мұнша құдірет, мұнша ерлік, мұнша айбын!
Жақсылыққа жүзіп жүріп сусаймын,
Абайламай ұрттап алам мұң-шайды.
Екеуінің құдіретін түсіндім,
Енді екеуін ойлап-ойлап жұмсаймын!

Жаһандану үрдісі етек алып тұрған заманда әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, өмір сүру үшін өзгере білу керек.

Білім саласындағы өзгеріс не үшін қажет? Сапалы білім алу нәтижесінде оқушылар өз ойын анық, еркін жеткізе алады. Олар алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді. Білімді, саналы адамдар өмір сынақтарына төтеп бере алады. «Бір мұғалім болады алдынан тез кеткің келіп тұрады, бір мұғалім болады артынан қуып жеткің келіп тұрады, бір ұстаз болады алдында мәңгі жүгініп өткің келіп тұрады» деген мағыналы сөз қазіргі мектеп мұғалімдеріне заман талабына сай өзгеруді талап етеді.

Осы мақсатта педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арттырудың, кәсіби дамудың бірден бір жолы – коучинг пен тәлімгерлік дер едім. Себебі, коучинг үдерісі кезінде үйренуші мұғалім рефлексивті диалог арқылы өзінің кәсіби білімін, дағдылары мен тәжірибесін жетілдіреді. Ал, тәлімгерлік барысында тәлімгер өзінің білімімен және тәжірибесімен өз еркімен бөліседі, ал тәлім алушы өзінің кәсіби дағдыларын дамытады, өзгерістерге қол жеткізу үшін мәселелердің шешімін іздейді. Осы іс - әрекетті тиімді жүзеге асыру үшін мектепте коучинг пен тәлімгерлік үдерісті жауапкершілік, еркіндік, ашықтық, ынтымақтастық принциптеріне сүйене отырып, жүйелі жүргізуді басты назарда ұстадық. Қазіргі таңда мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуын қолдау мақсатында құрылған желілік қоғамдастық мектептер арасында озат тәжірибелермен бөлісуге, кәсіби қолдау көрсетуге оң ықпалын тигізіп келеді.

Соның бір айғағы - Алматы қаласы, Алатау ауданының №182 жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінен құралған «Жаңашылдық» қоғамдастығы. Мектепшілік педкеңестің қаулысымен «Дамытушы», «Зерделілер», «Зерттеушілер» тобының құрамы бекітіліп, атқарылатын іс - шаралардың жоспарымен мақсат - міндеттері нақтыланып, мектептің даму жоспары жолға қойылған. Мектеп әкімшілігінен құралған «Дамытушы» топ мүшелеріне мұғалімдердің кәсіби дамуын жетілдіру, желілік қоғамдастық пен ата-аналар қоғамдастығын ұйымдастыру, қолдау көрсету міндеттері жүктелсе, І,ІІ деңгейлі мұғалімдерден құралған «Үйлестіруші» топқа коучинг, тәлімгерлік үдерістерін жүргізу мен бақылау міндеттелді. Жоспарлы жұмыстың нәтижесінде «Мектеп мәдениеті», «Критериалды бағалаудың тиімділігі», «Оқушылардың өзін - өзі бағалауын дамытуда қалыптастырушы бағалаудың тиімділігі», «ОМЖ мен ҚМЖ - ға кері байланыс» тақырыптарында коучинглер өткізілді. Жас мамандар, тәжірибесіне өзгеріс енгізуді мақсат еткен мұғалімдер коучингтерден, тәлімгерлік үдерістерден өздеріне көп мәлімет алып, сабақ процесіне оң өзгерістер енгізуде.

Ұжым мүшелері бірлескен әрекеттен ұйымшылдықпен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырып, бөлінген көшбасшылықты дамыту арқылы, нәтижелі мақсатқа жетуді жолға қойды.

Білім беру нысаны мұғалім үшін – оқушы. Бірақ оқушыны дәстүрлі оқытумен өмірге дайындай алмайтындығымызға көзіміз жетті. Мектептегі оқыту мен оқуға, осы процеске қатысатын барлық адамдар: ата-аналар мен оқушылар, мұғалімдер де өзгеріске ену керектігі өмірдің басты талабы болып қалмақ. Заманауи талапқа сай болу, өмір көшіне іле-



су үшін де Елбасы айтқандай, «Өмір бойы білім алу» мұғалімдер мен оқушылардың тіпті әрбір адамның қажеттілігіне айналуы тиіс.

Табысты мектеп деңгейіне жету үшін бірлескен жақсы әрекет, тиімді қарым - қатынас және кәсіби қолдаудың керектігі анық. Жаңаша оқуда мұғалімдер коучинг, тәлімгерлік үдерістерін меңгеріп, көшбасшылық туралы түсініктері біршама кеңейді. Осы оқу арқылы ұстаздық жолымда жарқын болашаққа жол ашылғандығы мені қуантады. Оқып - үйренуде биік мақсатқа қол жеткізу үшін мұғалім ретінде өзімнің білім, білік, дағды, құзіреттілігімді үнемі жетілдіру керек деген тоқтамға келдім. Үйренгенімді еліміздің патриоттарын тәр-

биелеу мен оқыту игілігіне жарататынымға сенімдімін. Ендігі мақсат - мектептегі өзгеріс тұрақтылығын қалай сақтап қалу, қоғамдастық аясын кеңіте түсу, ұжым мүшелеріне кәсіби қолдау көрсетуді тұрақты үдеріске айналдыру. Мектепке енген өзгеріс тұрақтылығын сақтап қалу қажеттілікке өзінен өзі айналып отыр. Мұғалімдер сабақтарын жаңа форматта өтуді дағдыға айналдырды. ҚМЖ жазудың көп ізденісті қажет ететінін ұғынды және ізденіс арқылы табыс критерийіне жететінін білді. Қажеттіліктеріне қарай кәсіби даму мен қолдау көре алады. Коучинг арқылы кәсіби дамуға мүмкіндік алды. Бұрынғы кезде мұғалімдердің өздерін дамыту сөз және қағаз жүзінде болса, бүгінде кәсіби дамуға шынайы



мүмкіндік алды. Тәлімгерлік арқылы кәсіби қолдау да таба алатындықтан, бұл өзгеріс мұғалімдер мен оқушылар үшін тиімді екендігі айқындалды. Оқушы үнін тыңдау, оқу сапасы мен үлгеріміне, сынып оқушыларының тәртіп пен мінез - құлықтарына да әсері зор деген тұжырымға келді. ХХІ ғасырдың оқушысын оқыту талабының өзгергендігін саналы ұғынған мұғалімдер мектепке енген өзгерістің тұрақты сақталуын қалайды. Әлем жылдам өзгеріп жатқандықтан, біз жастарымызды өзгермелі өмірге бейім етіп дайындау - мұғалімнің басты міндеті екенін ұмытпайық!

САБИРОВА Ардақ Қуанышбекқызы,
Алматы қаласы, Алатау ауданы,
№182 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

АДАМДА ШЫНЫМЕН - АҚ СУПЕРҚАБІЛЕТ БОЛУ МҮМКІН

Ғалымдардың айтуынша, генетиканың немесе арнайы жаттығудың нәтижесінде қарапайым адамдар да ерекше қабілетке ие бола алады.

Бұл ғылыми - фантастикалық хикая емес, Филиппин, Малайзия және Индонезиядағы баджау халқы шынымен де оттегін тиімдірек пайдаланудың генетикалық қабілетін дамытқан. Олар осы қабілеттің арқасында суреттегі Индонезияның Тогиан аралдарында жүзіп жүр-



ген балықшы Дафрин Амботанг сияқты бір деммен төрт минутқа дейін су астында бола алатын тамаша сүңгуірлерге айналды.

Суперқабілет шынымен бар нәрсе. X-Men киноәлеміндегі (X-Адамдар кинофраншизасы) Құну (Wolverine) секілді өткір тырнақ өсіру, немесе Циклоп сияқты көзімізден лазер шығару қолымыздан келмесе де, ғалымдардың пікірінше, адам денесі мен миының әлеуеті табиғатымызға жат көрінетін, таңқаларлық қабілеттерді дамытуға қауқарлы.

Кейде суперкүш комикстердегідей генетикалық мутация арқылы пайда болады. Мысалы, гималайлық шерпа халқы күш пен төзімділікті ерекше арттыратын гендердің арқасында биік жерде тұруға бейімделген.

Дегенмен кей суперқабілеттерді өз қалауыңмен дамытып алуға болады. Егер өзі соны қаласа, кез - келген адамның ақпаратты көзді ашып жұмғанша қағып алатын қағылез, алғыр болуға мүмкіндігі бар деп сендіреді есте сақтау жарыстарының шеберлері. Арқансыз тегіс жартас қабырғаларына көтерілгені үшін «Өрмекші адам» аталған альпинист Алекс Хоннольдқа қарап түйгеніміз: тіпті қорқыныштың өзі дұрыс қалыпқа келтірілген жағдайда кедергі емес екен.

(Есте сақтау қабілетіңізді күшейтуге қалай қарайсыз? Ғылымның ұсынған жолдары.)

Ғалымдар осындай қабілеттермен қатар, басқа да ерекше адамдардың ағзасы мен санасын енді ғана зерттей бастады. Кейбіреуімізге берілген генетикалық артықшылыққа қарамастан, көпшілік өз әлеуетін дұрыс іске асыра алмаған сияқты.

Міне, арамызда елеусіз жүрген суперқаһармандардың бірнеше мысалы.

Жүрек жұтқан Алекс Хоннольд

Алекс Хоннольдтың жартасқа саусақтарының ұшымен ғана ілініп тұрған суретін көрудің өзі көпшілігімізді дір еткізер қорқыныш ұялатары анық.

Ал Хоннольд үрей дегенді білмейді. Ғалымдар осыған байланысты қызық бір дерек анықтады: олар 2016 жылы функционалды МРТ аппаратының көмегімен әлемге әйгілі альпинистің миын сканерлеген болатын. Әдетте амигдала деп аталатын мидың қорқынышқа қатысты бөлігінде қарқынды белсенділік тудыратын графикалық суреттер Хоннольдтың амигдаласына еш әсер етпеген.

Йосемит ұлттық паркіндегі Ахвани тасынан суретке түсірілген атышулы альпинист Алекс Хоннольд үшін біз сезінетін қорқыныш жат секілді. Хоннольдтың төтенше жағдайда қорқынышын қалай басатынын түсіну үшін ғалымдар оның миын зерттеді.



ФОТО: JIMMY CHIN

(Алекс Хоннольдтың арқансыз «соңғы өрмелеуі» жайында)

Құрылымдық жағынан миының басқалардан айырмашылығы жоқ. Хоннольдтың өзі де «үрейсіздігін» жоққа шығарады. 2018 жылы «Popular Science» журналында Хоннольдтың ми белсенділігін бақылаған нейробиолог Джейн Джозеф: «Ол әр қозғалысын мұқият жоспарлауға назар аудару арқылы мидың белгілі бір белсенділігін тежеуге дағдыланған болуы керек», – деп жазды.

Асқан төзімділік: шерпа

Сан-Диегодағы Калифорния университетінде биіктікке бейімделу генетикасы мен физиологиясын зерттейтін Татум

Симонсон: «Адамдар әлі күнге дейін бейімделіп, дамып келеді», - дейді. Оның ойынша, непалдық шерпа халқы суперкүш дамытудың керемет үлгісі бола алады.

Шерпа этносының өкілдері теңіз деңгейінен орта есеппен 4200 метр биіктікте 6000 жыл бойы өмір сүріп келеді, ал бұл жердің оттегі деңгейі теңіз деңгейімен салыстарғанда шамамен 40 пайызға аз. «Оттегі тапшылығына бейімделу үшін табиғи сұрыпталуға көп уақыт қажет болды», - дейді Симонсон.



Шерпа жүктасушылары жүкті Эверест тауындағы лагерьден Непалдың Горак - Шептегі ауыл қоймасына апара жатыр. Мындаған жылдар бойы биіктікті мекен еткен шерпа тұрғындары оттегін тиімдірек пайдалануға мүмкіндік беретін генетикалық мутацияға ие болды.

PHOTOGRAPH BY AARON HUEY

Әдетте, оттегі деңгейі төмендеген сайын адам ағзасы оттегі тасымалдаушы эритроциттерді көбірек бөледі, одан қан қоюланып, биіктік дертін тудыруы, тіпті өлімге әкелуі де мүмкін. Соған қарамастан, шерпаларда эритроцитті төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік беретін бірнеше генетикалық мутация дамыған. Сонымен бірге олардың жасушасындағы митохондриялар да оттегін тиімді пайдаланатын болған.

Симонсон тибеттіктердің аласа белдеудегі көрсеткіштерін зерттеу барысында олардың тіпті теңіз деңгейінде де өз артықшылықтарын сақтайтынын анықтады. Бұл тыныс алу немесе жүрек-қан тамырлары дертіне байланысты қандағы созылмалы оттегі тапшылығынан жапа шегетіндерді емдеуге септігін тигізуі әбден мүмкін.

Супержүзгіштер: баджау «теңіз көшпенділері»

Супермэн сияқты биікке ұшатын, Аквамэн сияқты мұхит тереңінде жүзетін суперқаһармандарды біз қолымыз жетпейтін жерлерге бара алатыны себепті жақсы көреміз.

Сүңгуірлерге мұхит тереңіне түсу үшін акваланг та қажет емес. Филиппин, Малайзия және Индонезиядағы баджау халқы суастында, 70 метр тереңдікте 13 минутқа дейін бола алатындығымен күллі әлемге мәлім.

(Британдық чемпионның еркін сүңгумен айналысатындарға кеңесі)

Ғалымдардың айтуынша, шерпалар сияқты, баджау-

лар да оттегін тиімдірек пайдаланатын генетикалық артықшылыққа қол жеткізген. Алайда оттегінің тікелей тапшылығына ұшырайтындықтан, олар оны қамтамасыз етудің әлдеқайда жылдам механизмін қаыптастырған. Табиғи сұрыптау уақыт өте келе, оттегімен қаныққан эритроциттерді сақтайтын көкбауырдың ұлғаюына ықпал етті. Суға сүңгіген кезде көкбауыр жиырылып, өзіндегі осы эритроциттерді қанға жібереді.

Ғалымдар орталық жүйке жүйесінің осынау күрделі әрекеттерді бейсаналы түрде жоспарлап, орындауға қалай көмектесетінін түсіну үшін әлі де бас қатыруда.

Супержад: еске сақтау атлеттері

36 картаның ретін 20 секундта немесе бірнеше жүз бейтаныс адамның есімдері мен жүздерін санаулы минутта жаттап алғаныңызды елестетіп көріңізші. Жыл сайынғы АҚШ Есте сақтау чемпионатына қатысатын кейбір спортшылар үшін бұл түк емес.

Чемпионаттың негізін қалаушы Энтони Доттиноның айтуынша, жеңімпаздардың басқа адамдардан жалғыз айырмашылығы – жаттықаны. Есте сақтауды жаттықтыру бағдарламасын жүргізетін Доттино мен ұлы Майкл кез келген адамның бұл қабілетті кез келген жаста дамыта алатынын айтады.


Мұны дәлелдеу үшін Майкл Доттино неврологтермен бірге есте сақтау жаттығуларының ми белсенділігіне әсерін зерттейді. Зерттеулер қазірдің өзінде мидағы жаңа естелік-



терді ескі естеліктермен байланыстыратын желілерді құру арқылы есте сақтау әдістерінің қалай жұмыс істейтінін анықтауда. Сонымен қатар, Neuron журналында жарияланған зерттеу қарапайым адам алты апталық жаттығу арқылы есте сақтау қабілетін айтарлықтай жақсартатынын көрсетті.

Демек суперқабілет дегеніміз әрқайсымыз үшін де қолжетімді нәрсе.

Автор: Эрика Энгелхаупт
National geographic Qazaqstan,
3 сәуір, 2024 жыл



بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
رسالة في حساب الجبر والهندسة
لأبي يحيى محمد بن يحيى الكندي
قال في كتابه في حساب الجبر والهندسة
عنه السلام على من اتبع الهدى
الفاضل وسعداء دار الأبرار يومئذ
لنولم السامع إذ سمع به، الفيلسوف الساتق والآفاقه أسطر وجوه الكبرياء

ӘЛ-ҚИНДИ – КӨП ҚЫРЛЫ ҒАЛЫМ, ФИЛОСОФ

*Ақиқатты ешкімді кемсітуге болмайды,
керісінше, ақиқат бәрін қызықтырады*

әл – Кинди

Галилео мен Ньютон сияқты ғалымдар дәстүрлі түрде механика туралы, кеңістік, қозғалыс және денелер бір-бірімен байланысты емес деп айтқан кезде, әл-Кинди бұл ұғымдардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты деп сендірді және де криптографияның әкелерінің бірі болған.

Ибн Надим әл-Киндидің еңбектерін зерттей бастағанда, ол жазған трактаттардың саны екі жүз отыз сегізден асып кетті (238!). Барлық осы трактаттар он үші ғылымға енгізілді (13!).

Әл-Кинди (800 - 879 ж.ж.) - "араб философы" атанған алғашқы ірі араб тілді философ. Ол метафизика, этика, логика, психология, медицина, фармакология, математика, астрономия, астрология және оптикаға дейінгі жүздеген түпнұсқа трактаттар жазды, сонымен қатар рухтар, қылыштар, зергерлік бұйымдар, сияқты шынайы практикалық тақырыптарға қатысты. Ғылым мен ежелгі грек философиясының жетістіктерін - Птолемей, Евклид, Аристотель және т.б. еңбектерін жақсы зерттеді.

Ол «Сәулелер туралы», «Отты айналар туралы», «Аспанның көк түсінің себебі туралы», «Толқындар мен толқындардың себебі туралы», «Қар, бұршақ, найзағай, күн күркіреуі туралы», «Жаңбыр мен жел туралы», «Қылыштар мен жақсы пышақтардың темірі туралы», «фармакопея туралы»,

«хош иісті заттар мен дистилляция химиясы туралы» кітаптар жазды.. Сондай-ақ, кітапта парфюмерия жасаудың 107 әдісі мен рецептері және парфюмерия өндіруге арналған жабдықтар туралы жазған. Әл-Кинди алтын мен күміс сияқты асыл металдарды жасанды түрде жасау туралы салмақты трактатқа ие. Әл-Киндидің метафизикасы Роджер Бекон мен Вителло метафизикалық білімінің негізі болды. Сонымен қатар Ол Тигр мен Ефрат арасында арнайы канал құрылыстарын ойлап тапқан инженер-механик ретінде де танымал.


Сондай-ақ салыстырмалылық теория туралы бірінші болып айтқан араб-мұсылман философы. Галилео мен Ньютон сияқты ғалымдар дәстүрлі түрде механика туралы, кеңістік, қозғалыс және денелер бір-бірімен байланысты емес деп айтқан кезде, әл-Кинди бұл ұғымдардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты деп сендірді және де криптографияның әкелерінің бірі болған. Әл-Халилдің (717-786) жұмысына сүйене отырып,

Әл-Киндидің "Криптографиялық хабарламалардың шифрын ашу туралы қолжазба" атты кітабы криптоанализдің пайда болуына серпін берді, статистикалық тұжырымдарды қолданудың ең алғашқы белгілі тәсілдері болды. Шифрды бұзудың бірнеше жаңа әдістерін, атап айтқанда жиілікті талдауды ұсынды. Математикалық және медициналық білімін қолдана отырып, ол дәрігерлерге дәрі-дәрмектердің тиімділігін анықтауға мүмкіндік беретін шкала жасай алды. Ибн Надим әл-Киндидің еңбектерін зерттей бастағанда, ол

жазған трактаттардың саны екі жүз отыз сегізден асып кетті (238!). Барлық осы трактаттар он үш ғылымға енгізілді (13!).

Сондай-ақ, әл-Кинди Аристотель мен басқа да ежелгі грек ғалымдарының еңбектерін араб тіліне аударған алғашқы адам болып табылады. Осылайша, мұсылман шығысына перипатетизм идеялары бірінші болып Әл-Киндиді әкеледі. Әл-Киндидің қаламына арифметикаға кіріспе туралы төрт трактат, инженерлік есептеулерді қолдану туралы төрт трактат, жұлдыздардың орналасуы туралы трактат, астралаб құру, Аристотельдің құдайлық тұжырымдары, медицина туралы трактаттар және музыкалогия туралы трактаттар кіреді.

Эпистемологиядағы ең маңызды жұмыс - әл-Киндидің «Бірінші философия туралы», атап айтқанда «Интеллект туралы» (Abu Rida 1950, 353-8; сонымен қатар Маккарти 1964, Руффиненго 1997). Бұл трактат қысқа және аз дәлелдерге қарамастан ерекше назар аударды, өйткені бұл грек интеллект таксономиясының деңгейлерге немесе түрлерге әсерін



көрсететін алғашқы араб жұмысы. (См. Әсіресе Jolivet 1971, Endress 1980.) Александр, Фемистий, Филопон және басқа да комментаторлар ұсынған әртүрлі нұсқалары бар бұл таксономиялар өз кезегінде Аристотельдің 3-ші кітабында және басқа жерлерде ақыл-ой туралы ескертулерін жүйелеуге тырысты.

Өз кітабында «Интеллект туралы» әл-Кинди адам интеллектті тек сезініп қана қоймайды, сонымен қатар бекітеді дейді. Сезім сияқты, адамның ақыл-ойы да потенциал күйінде басталады. Бұл ақыл-ойдың бірінші түрі, интеллектуалды формаларды ұстап алу мүмкіндігі болып табылатын әлеуетті интеллект. Ол пішінді ұстап, шынымен ойласа, ол «нағыз ақылға» айналады. Сонда біз бұл формалар туралы өз қалауымыз бойынша ойлана аламыз. Біздің мұны істеу қабілетіміз - әл-Кинди «алынған интеллект» деп атайды (әл-Фарабиден «алынған интеллектпен» шатастырмау керек, бұл көптеген зияткерлік формалардың жан-жақты жетістігін білдіреді). Есіңізде болсын, ақыл-ойдың бұл түрлері іс жүзінде бірдей, үш түрлі күйдегі адам ақыл-ойы: толығымен әлеуетті, толығымен өзекті және уақытша әлеуетті, бірақ өз қалауы бойынша актуализациялауға қабілетті.

Осылайша, шындық материя оның пішіні, саны сапасы немесе қатынасы жоқ. Ол басқа терминдермен сипатталмайды: оның түрі де, ерекше айырмашылығы да, жеке тұлғасы да, кездейсоқтық та, жалпы оқиға да жоқ. Ол қозғалмайды және іс жүзінде жоққа шығарылатын ештеңемен сипатталмайды. Демек, бұл тек таза бірлік, мен бірліктен басқа ештеңе айтпаймын. Әр бірлік, одан басқа, бірнеше.

Әл-Кинди

Әл-Киндидің ғылыми қызығушылықтары метафизика, логика, этика, математика, астрономия, медицина, метеорология, музыка теориясы және оптика болды. «Араб философы» өзінің отандастарын ежелгі ойшылдардың еңбектерімен таныстыруға көп көмектесті (кейбір зерттеушілер әл-Киндидің өзі грек тілін жақсы білген деп айтады). Ол Аристотельдің «Метафизика», Птолемейдің «География» және Эвклидтің еңбектерінің аудармаларын өңдеді. Сонымен қатар, ол Аристотельдің «поэтикасы» және Порфирияның «кіріспелері» туралы араб тілінде қысқаша мәлімдемелер берді.

Әл-Киндидің философиялық шығармаларының көпшілігі соңғы уақытқа дейін жоғалып кетті деп саналды. Осы ғасырдың 30-жылдарында ғана Стамбулда неміс шығыстанушысы Х. Риттер әл-Киндидің 29 трактатынан тұратын ежелгі қолжазбаны таба алды, олардың көпшілігі «бірінші философия», логика және эпистемология мәселелеріне қатысты (бұл трактаттарды редакциялау жұмыстары соңғы жылдары мысыр ғалымы Абу-Рид жасаған). Әл-Киндидің ең маңызды философиялық еңбектері – «Аристотель кітаптарының саны туралы трактат», «Ақыл туралы», «Бірінші философия туралы», «Заттардың анықтамалары мен сипаттамалары туралы», «Жан туралы пайымдау», «Пайда болу мен жойылудың жақын себептері туралы трактат», «Бес болмыс туралы кітап».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абу Рид, М.АХ (редактор), 1950/1953, Аль-Кинди, Расайл аль-Кинди аль-Фальсафийя , 2 тома, Каир: Дар аль-Фикр аль-Араби.
2. Адамсон, П., 2002а, «Абу Ма'шар, аль-Кинди и философская защита астрологии», « Исследования философии и теории медицины», 69: 245–270.
3. -, 2002b, «До сущности и существования: концепция бытия Аль-Кинди», Журнал истории философии , 40: 297–312.
4. -, 2003 г., «Аль-Кинди и мутазила: божественные атрибуты, творение и свобода», Арабские науки и философия , 13: 45–77.
5. -, 2005 г., «Аль-Кинди и восприятие греческой философии», в «Кембриджском компаньоне по арабской философии» , изд. П. Адамсон и Р. К. Тейлор, Кембридж: Издательство Кембриджского университета, 32–51.

Данат ЖАНАТАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің доценті,
философия ғылымдарының кандидаты.
ДҮЛІМБЕТОВА Альбина,
МҰХТАРОВА Айдана,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің магистранттары
Adyrna.kz

«КӨКПАРДЫҢ» ИІСІ

Азат - Мұхтардың ағасы, бақандай үш жас үлкендігі бар. Үлкені момын да, кішкентайы тентек. Екінші класс дегенді қомсынып, «Екінші курста оқимын» дейді Мұхтар. Ондағысы өзімен бірге ойнап жүрген Азаматтың бесінші класта оқитынын өзінше кемсіткені болуы керек. «Азамат сенен үлкен ғой, аға деп жүр», - десек, Мұхтар азаматтың бетіне қарап - қарап қойып күледі, «Үлкен кісі емес, баланы бала аға дей ме екен? Шаң - шаң боп жүрген жалаң аяқ, жалаң бас бала қалай аға болады?» деп ойлайтын болуы керек, «аға» дейді де жырк-жырк күледі. Інісінің қылығына мәз болып, Азамат та жымия салады.

Осы ағайынды екеуі оқу бітісімен Бұлақ деген жерде тұратын Әуке деген атасының ауылына кеткенді.

Әуке шалдың Қикалақ дейтін маубас, жуас есегі бар. Жуастығы болмаса, әңгүдік есек атша шабады. Екеуі де лагерьге бармай, ауылға қаламыз деуі сол Қикалаққа жету еді. Оның да жөні бар. Ауыл балалары бір-бір есекке мініп алып, кешкі салқында көкпар тартады. Бұл көкпар тіпті қызық. Есегі жоқтар біреуге мінгесіп, екіншісі пилот секілді қамшылаушы қызметін атқарады. Тас тұяғы тасқа тиіп, ақырған есек, қиқулаған балалар дүркіретіп қырдан асқанда, партылдап бір топ мотоцикл келе жатқандай елестейді көзіне. Осындай қауырт шақта Азаматтың қолына көкпар тисе, артында отырған «екінші пилот» Мұхтар қамшының сабымен «Қикалақтың» қабырғасын сүргілеп - сүргілеп жібергенде, «Қикалағы» қырғидай ұшады. Көкпар қолдан шығып, ұзап бара жатқан соң осы ауылдың Сайытбек, Нартбек, Оралбай секілді «истребитель» көкпаршылары есектерінің құлағына от қояды. Мұндай есектер дүлдүлдей жүйткіді.

Тасыр-тұсыр, айқай - шу, құлаған, жылаған, озған - қалған, қашқан - қуған, қым - қуыт, шым - шуыт. Тірі қызық. Тіпті тісің терлеп тұрып күлесің.

Жаз аяқталып, алтын қоңырау сыңғырлар шақ туады. Азамат та жоқ, Мұхтар да жоқ. Хат та жоқ, хабар



Оспанхан Әубәкіров (1934—1986) - 4 мамырда Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Үшбұлақ ауылында туған. Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясының театр факультетін тмамдаған. Мамандығы актер болғанымен, өзінің шығармашылық мұратын сатирадан тапқан.

да жоқ.

Үйінде бұлардың қалам - қағазын, киім - кешегін, керек - жарағын түгел жиып күтіп отыр. Ертең іздеуге шығамыз деп отырғанда дорба - домалақ, сәлем - сауқат арқалап, кір - қожалақ, алба - жұлба, қап - қара, ұзынды -қысқалы екі бала кіріп келді. Адам танығысыз. «Әкем - ау, балаларым не боп кеткен?», - деп шырылдауық шешесі екеуінің маңдайынан иіскеп, бетінен сүйіп еді, ащы тердің иісі бет қаратпады. Шашалып қала жаздаған шешесі:

— Иістерің қандай өзі? - деді.

— Көкпардың иісі, - деді Азамат «есектің иісі» деуді ұят көріп.

Бұларды жұмасына бір рет ваннаға салып, «қайнатып» алатын шешесі әдеті бойынша екеуін дереу суға тоғытпақшы болып шешіндіре бастады.

— Ойбай, аяғым! - деп өкіріп отыра кетті Мұхтар.

Сұрастырсақ, көкпардың астында қалып, бас башпайын есек басып кетіпті. Қақпақсыз ыдыстай, тырнағы түсіп қалған, башпай қаспақ - қаспақ болып шұлғынданып кеткен. Басқа жарақат көзге шалынбады.

Ал бірінші «пилоттың» үстінде сау - тамтық жоқ.

Екі білегі қаптаған қара қотыр, қызыл сызық. Бұл жейдесін шеше алмай, «ойбай, иығым» деп шырылдайды. Айтуынша, көкпар алып, қаптаған қалың есектен есік пен төрдей ұзап шықса керек. Артында қамшылаушы Мұхтар делебесі қозып, Қикалақтың арқасын егей береді.

Шыбын жаны шықшытына келген Қикалақ екпінін тоқтата алмай, ашық тұрған қораға қойып кетіпті. Сонда Азаматтың иығын есіктің жақтауына соғып, екеуі сыпырылып түсіпті. Содан болды дейді.

— Ойбай-ай, енді қайттім? Көкпар сендердің не теңдерің еді? - деп шешесі шырылдап бұлқан-талқан болды.

Қанша айтқанымен, баласы емес пе, ұрысқан жоқ, қайта мойындарын сипап, арқасынан қағып қойды... Міне екеуі өзен бойлап ұшқан құс шағаладай, сөмкелерін «сүйретіп», мектебіне қарай жүгіріп барады.

Дереккөзі: Anatili gazetі; zharar.kz



СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

**«Шаршы топта сөз бастау қиын:
Тауып айтсаң, мереке қылады,
Таппай айтсаң, келеке қылады».**

Досбол шешен

Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Ымырттағы кітапхана» әлеуметтік - мәдени шара аясында Рухани және қазақы бағыттағы әйелдер эксперті, филология ғылымдарының магистрі, оратор Ниязова Аманша Арыстанқызымен ораторлық шеберлік сағаты өткізілді. Шара барысында Аманша Арыстанқызы шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті, өзін-өзі ұстау, көпшілік алдында сөз сөйлеу деген сынды тақырыптарды қозғап, шеберлік әдістерін көрсетті. Мақсаты: қазақ тілінің мәртебесін көтеру, мемлекеттік тілді дамыту. Тіл қолданысының дәрежесін көтеру.

Шешендік – қазақ елінің көнеден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері, сирек ұшырасатын қасиет, дарын. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады. Қазақта жезтаңдай, ділмар, айыркөмей, орақ ауыз, от тілді, сөзуар, тапқыр адамды «шешен» деп айтқан. Аманша Арыстанқызы «Асыл сөз майданда да керек, Сайранда да керек» деген болатын өз сөзінде.

«Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан-жүйенді жандырып құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып келем тіл», - деген екен Бауыржан Момышұлы атамыз. Ел - жұрты елеген, халқы қалаған азаматтарды ардақтаудың ана тілімізде атаулары мен дәріптеу, бейнелеу сөздерін айтып тауысу мүмкін емес. Оны қазақ теңеп те, бейнелеп те, асқақтатып та айта білген, сөз тіркестерін қолданып та келген. Мысалы ел намысын қорғаған ерлерді "нар", "арыс", "арыстан", "ерім", "азаматым" деген сияқты теңеулермен мадақтап, ардақтаумен бірге әділді "қара қылды қақ жарған"; шеберді "темірден түйін түйген"; жомартты

"атын түсіп беретін мырза"; адалды "сүттен ақ, судан таза"; сұлуды "ай мен күндей"; әдептіні "қыз мінезді жігіт"; баланы "тойған қозыдай"; бойжеткенді "оймақ ауыз, күлім көз", деп теңеу келтіріп, дәріптеген. Жақсы адамдарды көріп, білмесе де сырттай сүйініп, ұрпағына үлгі еткен. Олар ауылына келгенде баласының аузына түкіріп, отырған жеріне аунатып алған, соған ұқсасын деп ырымдаған. Ел сыйлаған адамдар есімі халық жадында мәңгі сақталған.

Мындаған, жүздеген жылдар өтсе де, Бәйдібек, Қазыбек, Байдалы билердің, Домалақ ана, Гауһар, Ақбикеш, Айбике аналардың, Қабанбай, Бөгенбай, Ағынбай батырлардың есімін жұрт әлі де мақтанышпен айтып отырады, үлгі тұтады. «Майқы Мәнұлы өз заманында бүкіл қазақ атаулыны билеген, билеу үстінде әділдік орнатқан, қара қылды қақ жарған адам болыпты. Майқыны заманында «Қарқуардай Майқы» дейді екен. Өйткені ол да шешендігіне байланысты болса керек. Қарқуар деген құс ертеден сайрағаннан талмай, түннің бір шамасында ғана сайрауын қояды екен. Содан екі бие сауым ғана дем алып, таң құлан иектене қайта сайрайды екен» деседі. Міне, Майқы атамыз сондай шешен болыпты.

Халық сөзі – қуатты құрал екені сөзсіз. Аса сөйлегенді қайтарып, екі жүздіні әшкерелеген де халық сөзі. Кейінгі ұрпаққа ақыл айтып, тұнық көл секілді тәтті сөздің былғанбауын тілеген болатын бабаларымыз. Адамгершілік асыл қасиеттерге тәрбиелеуде осы шешендік өнер – жол бастаушы болған. «Сөйлесең сөйле, қызыл тіл» демекші, ұрпағының адал, әділ болуына ықпал етуі де – жақсылық нышаны. Ұлттық қазынаның қазаны ортаймағай, ел еңсесі биік, ұрпағы – ұлдары көсем де шешен, қыздары әсем де абыройлы болғай.

**СҰЛТАНБЕКОВА Лаура Ерікқызы,
Сағи Жиенбаев атындағы
Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының
жасөспірімдерге қызмет көрсету
бөлімінің меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**



АЙМАУЫТОВ НЕГІЗІН САЛҒАН

«МӘДЕНИ КІНДІК» АУЫЛЫ

ПАВЛОДАР. KAZINFORM - Баянауылдың Әулиелі Қызылтау өңірінде ашылған «Мәдени кіндік» ауылы жайында естуіңіз бар ма? Ғасыр бұрын тыңнан тұрғызылған тарихи елді мекен – ғылыми тұрғыдан мүлде зерделенбеген орынның бірі. Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытовтың идеясымен дүниеге келіп, жүздеген қазақ баласының сауат ашуына негіз болған рухани мекен бүгінде елеусіз жатыр...

Жүсіпбек Аймауытұлы 1921 жылы Семей губерниясында оқу бөлімінің меңгерушісі болып тұрғанда Баянауыл жеріндегі жас өрендердің білім алуына айрықша назар аударған. Бұған дейін қазақ даласында жұт болып, малынан айырылған халық аштыққа ұшыраған кезең еді. Ел - жұрт босып, жетім қалған балалар көбейіп, оларды жергілікті бас көтерер азаматтар Жүсіпбектің айтуымен Қызылтау өңіріне жинайды. Жергілікті байлардың демеушілігімен ас-суы, жатар орны ұйымдастырылып, жүздеген қазақ баласының аман қалуына себепші болыпты. Осы кезеңде Жүсекең және онымен пікірлес ел азаматтары Қызылтау маңында «Мәдени кіндік» деп аталатын білім ошағын салуға бел буады. Көнекөз қариялардан қалған, ауыл арасында айтылып жүрген әңгімелерге сенсек, 1921 жылы Алаш ардақтысы жергілікті төрт рудың ірі байларының қаржыландыруымен әлгі жерге әуелі бастауыш мектеп салуға ұйытқы болады.

Соңынан ағылып келіп жатқан баланың көптігін ескеріп, «Мәдени кіндікте» шаруашылық ғимараттары, жатақханалар бой көтереді. Атап айтқанда, қыздар мен ер балалардың бөлек жатақханалары, асхана, бірнеше қойма, жертөле қойма, «қызыл отау», дәрігерлік пункт, әкімшілік ғимарат және атқора салынады. Біраз уақыт өткен соң бұл арада саман кірпіштен салынған кәдімгідей ауыл пайда болып, ауылдың батыс бөлігінде мал ұстайтын қоралар тұрғызылған. Мұндағы мақсат – байлар жиып берген малды осында бағып-қағып, интернатта жатып оқитын балалардың ішер асын тұрақты ұйымдастыру.



Көмек көрсеткен байлардың арасында сол заманның ірі меценаттары ретінде Текебай мен Түйебайдың есімдері айрықша аталады. Текебайда бала болмай, Жүсіпбектің ақылымен ол жетім балалардың бірнешеуін өз тегіне жазып алған екен. Содан жылдар өте Текебаевтар әулеті көбейіп шыға келген. Олардан қалған жұрағат бүгінде аз емес. Ал Текебай мен Түйебайдың дүние-мүлкі кейін кеңес өкіметімен кәмпескеленіп, өздері Ресейдің Қарасуық өңіріне жер аударылып, сол жақта өмірден өткен.

«Ел арасында бұл жер «Мәдени кіндік» деп аталған. Біздің

жастық шағымызда «Мәдени» деп қана атайтындықтан, ескі қоралардың бірі екен деп ойлап жүрдік. Жер атауы кісі есімімен байланысты болар деп жорамалдап келгеніміз де рас. 1999 жылдың жаз айында Баянауылдан шыққан жеті генералдың бірі, соғыс ардагері Самат Бәкіров Қызылтауға арнайы келді. Жол көрсетіп, жанында жүрдім. Қозған елінің атақты болысы Ағаш аяқ Мұстафаның зиратында болып, дұға еттік. Бұл аумақта Қозған руынан шыққан белгілі тұлғалар Бармақбай, Кәркей, Нұржанбай, Мәуке, Лекер және Мысықбай қажылар жатыр. Бір сәт генерал маған «Мәдени кіндікті» көрсет деді. Жолай ол жердің қандай маңызы бар екенін білмейтінімізді айтып, әңгімелеп беруін сұрадым. Сөйтсек, Самат Бәкірұлы жастайынан жетім қалып, осында жан - жақтан жиналған қазақ балаларының арасында өсіп - өнген. Сонда Самат ағаның толғана сөйлегені есімде қалыпты. Қаншама жас баланың Жүсіпбектің қамқорлығының арқасында тірі қалғанын жеткізді. Самат ағаның өзі 1925 жылы туған. Жүсіпбек құрған мектепте білім алып үлгермесе де, әлгі ауылда жетілген. Сол жерде маған барлық ғимараттың орындарын нұсқап, көрсетіп берген еді. Міне, содан бері «Мәдени кіндіктің» тарихи маңызын түсіне бастадық», - дейді баянауылдық өлкетанушы Рамазан Нұрғалиев.

Жүсіпбектанушы ғалым Нұржан Қуантайұлына хабарласып, «Мәдени кіндікке» қатысты өзі білетін деректерімен бөлісуді сұраған едік. Алаштанушы ол жөнінде ешбір архивтік құжаттар жоқ екенін, тек сол замандағы кейбір жайттарды ескерсек, Жүсіпбектің аталған білім ошағын құруға атсалысуы әбден мүмкін екенін жеткізді.

«1921 жылы Жүсіпбек Қызылтау өңірінің бір топ жас өренін, ішінде Абзал Қарасартов бар, Орынборға алып барып, рафбаққа оқуға түсіреді. Алаш ардақтысының өз туған жеріне деген қамқорлығы ерен болған. Сондықтан «Мәдени кіндік» сияқты ауыл мектебін ашуға ұйытқы болуы әбден ықтимал. Әрі бұл кезеңде жер - жерде мектептер ашу мәселесі күн тәртібінде тұрған еді. Тұлғаның өзі жазған өмірбаянында, тергеу ісіндегі құжаттарда «Мәдени кіндік» туралы ешбір дерек кездеспейді. Заманында Жүсіпбектің жан-жақты болғанын, туған жеріндегі белгілі тұлғалармен, соның ішінде Мәшһүр Жүсіппен үнемі байланысып тұрғанын ескерген жөн. Ауыл балаларының жергілікті жерде білім алуына жағдай тудыру үшін салынған әлгі мектеп Жүсіпбектің қолтаңбасы болуы әбден мүмкін», - дейді Нұржан Қуантайұлы.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Қызылтау елі үшін рухани ошаққа айналған бұл жер қазіргі Жүсіпбек Аймауытұлы мен Лекер ауылдарының ортасында, жанынан сарқырап өзен ағатын жазық жерде орын тепкен. Таяу жерде кезінде ағылшындар қазған көмір, алтын, күміс, молибден кеніштері бар. Кенішті бойлай қонған қазақ ауылы көп болған. Әуелгі мақсат – соларға жақын жер іздеу. Аумақ Қарамолла мен Қызылтау болыстарының балалары үшін келіп оқуға тиімді еді. Бұл – «Мәдени кіндіктің» болғанын растайтын екінші дәлел.

Үшіншіден, географиялық картада бұл жер кеңес өкіметі тұсынан «Мадани» («Мәдени») деп көрсетіліп келеді. Жер-су атауының не себепті бұлай аталуына қатысты ешбір жерден нақты дерек кездестіре алмадық. Ғаламтордағы жерсеріктік карта арқылы қарағанымызда ауылдағы ғимараттардың реттілікпен, екі көше етіп салынғаны байқалады. Ол заманда тұрғызылған білім ошақтарының көбі «П» әрпі пішініне сай келеді. Рамазан Дінісұлының көрсетуімен жер жағдайын шолып шыққанымызда, мұндағы мектеп пен



жатақханалардың «П» әрпіне ұқсас екені көзге түсті. Мектеп орны деп көрсетілген ғимараттың іргетасының ұзындығы – 46 қадам, ені 32 қадам болып шықты. Ғимарат он алты бөлмеден тұрған. Қабырғалары кезінде саман кірпіштен өріліп, төбесі бөренемен жабылыпты.

«Жүсіпбек бір жылы Орынбордағы Қазақ ағарту институтын тәмамдаған қазақтың ұл-қыздарының бір тобын «Мәдени кіндікке» алып келіп, оқытушы еткен екен. Бұл деректі ауылдағы қариялардан естідім. Мектептің жұмысы



негізі 1922 жылы басталған. Ол уақытта қос болыстықта қанша бала болғаны туралы қолымызда нақты мәлімет жоқ. Дегенмен қазақ отбасыларының көбі өз балаларын осында оқуға бергенге ұқсайды. Мектеп пен жатақханалар соғыс басталғанша үзбей жұмыс істеп келген. Кейін оны жауып, таратып жібереді. Дүние - мүлкі таланып, ғимараттар қиратылып, кірпіші аудан орталығына тасылып, онда шаруашылық нысандарын тұрғызуға пайдаланылады. 1954 жылы тың игеру басталғанда бірнеше ғимарат қалпына келтіріліп, асхана ретінде ұсталған. Архивтік құжаттарда бұл жер «Культпункт» деп аталады», - дейді Рамазан Нұрғалиев.

Павлодар облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі өлкетанушылардың айтуы бойынша тарихи мекеннің сұлбасын жасап шықты.

«Мәдени кіндік» – бүгінде не туризм және спорт министрлігі, не облыс басшылығы тарапынан еленбей отырған тарихи жер. Рамазан Дінісұлы бұл жерді қоршап, басына белгітас орнатып қоюды ұсынады.

Мұрат АЯҒАН,
Kazinform.kz

ҚАНЫШ СӘТПАЕВТЫҢ ҚАБІЛЕТІН АЛҒАШ БАЙҚАҒАН ХАХЛОВ ЗАЙСАНДА ТУҒАН

Қаныш СӘТПАЕВ, геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик.

"Қазақстанның жер қойнауында түсті, қара, асыл, сирек металдардың барлық дерлік түрлерінің әлемдік деңгейдегі қорлары, минералды тыңайтқыштар шикізаты, көмір, тұздар, құрылыс материалдары, сондай-ақ мұнай мен табиғи газдың үлкен қоры бар.

(Қаныш Сәтпаевтың Мәскеуде өткен съезде сөйлеген сөзінен)

1921 жылы Зайсан қаласының тумасы Венедикт Хахлов Томск технологиялық институтында сабақ беріп жүргенде тау-кен факультетінің студенті, Қазақ КСР Ғылым академиясының болашақ президенті Қаныш Сәтпаевтың ерекше дарынын алғашқылардың бірі болып байқаған екен.

бар міндеттерін үйретеді. Мұндай курсты оқыған студенттің жан дүниесінде ұшқын пайда болады, ғылымды жақсы көре бастайды және білімге деген қажымас күш алады. Бірақ жалпы дәрістер жеткіліксіз, студент ғылыми және танымал әдебиетке деген құштарлықты дамыта білуі керек. Қаныш Имантайұлында дәл осындай жағдай болды, ол арнаулы әдебиеттерді оқуға байсалды қызығушылық танытып, барлық кештерді өз біліміне арнады. Бірде мен оған Вальтердің «Шөлдің пайда болу заңдары» кітабын оқуды ұсындым. Бұл кітапты қайтарған кезде кітапты қатты ұнатып, маған көп сұрақ қойды. Бұл кітап оған Қазақстанның кейбір аумақтарының шығу тарихын түсінуге көмектескенін айтты, ол біздің еңбегімізді ақтады. Ол республика Ғылым академиясының президенті болған кезде де менімен ешқашан байланысын үзген емес.

Оның студенттік шақтан өмірінің соңғы күндеріне дейінгі айрықша белгілері – қарапайымдылығы, адамдарға деген мейірімі және барлығына көмек көрсетуге деген ұмтылысы».

1923 жылдың жазында М.Усовтың ұсынысы бойынша Қаныш Имантайұлы Михаил Русаковтың басшылығымен Орталық Қазақстанда тәжірибеден өтті. Қызылтас су алабының геологиялық жағынан қызықты бөлігінде, Нұра -Шерубай, Жамға, Сарысу өзендерінің бастауында жас геолог



Кейін Венедикт Хахлов Қаныш Сәтпаев туралы былай деп жазды:

«Ол тыныш, кішіпейіл студент еді, оқуға деген талпынысымен көзге түсті. Жалпы геология сабақтарында Михаил Усов пен менің дәрістерімді қызығушылықпен тыңдағанын қуанышпен есіме түсіремін. Усов оқыған жалпы геология курсы геологтарды даярлау үшін ерекше маңызға ие болды. Бұл курс ғылымның кеңдігі мен тереңдігін және оның мемлекеттік маңызы



Қаныш Имантайұлы таңнан кешке дейін жыныстар мен кендердің пайда болуын, ежелгі қазбаларды зерттеді. Орталық Қазақстанның геологиялық құрылысына қатысатын шөгінділер мен жыныстардың күрделі және алуан түрлі кешенімен танысты.

1924 жылы Қаныш Сәтпаев доцент Николай Горностаевтың жетекшілігімен Семей ауданында таулы геологиялық түсірілімге қатысады, ал келесі жылы өзінің сүйікті ұстазы Михаил Усовтың жетекшілігімен Екібастұздың көмір кеніштерін зерттейді. Қ.Сәтпаевтың атқарған жұмыстары туралы кейінірек Венедикт Хахлов ризашылықпен былай деп жазды: «...Қаныш ең күрделі ғылыми құпиялардың мәнін ашып, ғылыми тұжырымдар жасады, таңғажайып жинақтар әзірледі. Оның дәрістерінде бірде - бір артық сөз жоқ, бірде-бір минуттыңызды жоғалтпайсыз. Сонымен қатар ол – шешен адам. Оның бүкіл өмір тәртібі де қатаң және өте үнемді түрде жоспарланған».

Қ.Сәтпаев толық ғылыми дүниетанымға, дұрыс жолды таңдау және белгіленген мақсатқа еш ойланбастан жету қабілетіне ие болды. Қазақстанның шексіз даласында дүниеге келіп және жеңіс үшін күресу дағдыларын дамыта отырып, қатал табиғатының ерекшеліктерін бойына сіңірді. Ол өзінің туған жеріне ғашық болды, оны құрған геологиялық процестердің күшіне тәнті болды және жер қойнауының шексіз байлығына сенді.

Томск университеті кафедрасының тамаша дәрістері оны тәжірибе ісімен тығыз байланыстырып, ғылыми мәселелерді шешуге үйретті. Ол

Жезқазған мыс кен орнында кеніш геологының үлкен мектебінен өтті және жұмыста әрқашан өндіріс мүддесін қорғады.

Қаныш Сәтпаев әрдайым жеткіліксіз фактілерге негізделген тұжырымдарға үзілді-кесілді қарсы шықты. Ол және оның көмекшілері тек фактілерге, геологиялық түсірілім мен карталарға сүйене отырып, Орталық Қазақстанның металлоганикалық ерекшеліктері туралы маңызды қорытындыға келетін.

Қ.Сәтпаев Венедикт Хахловқа жанашырлықпен қарады, онымен достық қарым - қатынас орнатты. Бұл туралы Венедикт Андреевич былай деп ерекше

ықыласпен еске алған:

«Қаныш Имантайұлымен бірнеше рет кездесу болды. Біз оны соңғы рет ол қайтыс болғанға дейін алты ай бұрын көрдік. Ол өзінің студенттік жылдарын, мұғалімдерін еске алып, оларға шын жүректен алғыс айтты. Ол жоғары оқу орны адамға өмірге жолдама беретінін терең түсінді. Оқу ордасы жоғары білікті мамандарды, өндіріс командирлерін, ғылыми мекеме жетекшілерін, жалпы мәдениетті адамдар даярлап шыққанын айтып, далада жұмыс істеген мұғалімдерінің ынта-жігеріне куә болғанын баяндады. Ол М.Усовтың басшылығына тәнті болды, өнеркәсіп қызметкерлерімен үнемі бірлескен ғылыми зерттеулер ұйымдастыруға тырысты».

1964 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтпаев «Советская Россия» газетінің жаңажылдық санында: «Жаңа жылда Сібірдегі ең жасы үлкен әрі ең құрметті геологтардың бірі 70 жасқа толғалы отыр. Шын жүректен құттықтаймын!» деп В.Хахловты мерейтойымен құттықтаған екен.

Н. СЕРЕКАНҚЫҚЫ,
облыстық цифрландыру және
архивтер басқармасы
«Мемлекеттік архив» мекемесінің архивисі.
Didar-gazeti.kz

Сурет: Қ.Сәтпаев университеті.



**Нүркен ӘБДІРОВ:
Кеңес Одағының Батыры**

"Егер біз фашистерді жоймасақ, олар бізді жояды және Біз үшін қуанышты, бақытты өмір оралмайды..."

"Мен жас жанымды бос бере қоймаймын. Өлсем, жастығымды ала жатамын. Астымда фашистің күлін көкке ұшыратын ұшқыр ұшақ бар. Маған сеніп тапсырылған осы техниканың тегеурінін жауға қарсы бағыттауым керек...Егер жаудың көзін жоймасақ, олар елге қауіп төндіреді. Сіздерге бұрынғыдай қызықты уақыт пен бостандық болмайды..."

"Қош бол, Леша, Отанға деген менің жалынды сәлемімді жеткіз! Қарағандыға хат жібер... Қош бол, досым!"

(1942 жылы өзінің әскери ұшуы алдында жазған хаттарынан.)

"Мен фашистердің үнін ажал оғымен өшіру үшін асығып, үйге бармадым...»

*Нүркен Әбдіров 23 жасында қайталанбас ерлік жасаған кеңес одағының батыры, қаһарман 17 жауынгерлік ұшу кезінде 18 фашистік танктер, 46 жүк машиналары мен арбалары, оның ішінде оқ-дәрілері мен жанғыш заттар, 5 зениттік артиллерияның нүктесі, бірнеше дзот және ондаған фашистер жойылды.

*1942 жылдың 19 желтоқсаны Ростов облысының Боков ауданының Коньки хуторында қарсыласының позициясын штурмовкада оның ұшағы жанып кетті. Онымен бірге ұшақтан секіруден бас тартқан Александр Комиссаров атқыш қаза тапты. Халық даңқының батырлық аңызында алаумен өршіп, батырлар қаза тапты.

*Коньки хуторында жерленген. Соғыс жылдарында Карлаг тұтқындарының қаражатына

“Нүркен Әбдіров” ұшағы салынып, ұрыстарға қатысты.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 31 наурыздағы Жарлығымен Нүркен Әбдіровке қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

*Батыр қайтыс болды,бірақ ол туралы даңқ елдің түкпірінде өмір сүреді.

*Оның қабірінде Ростов облысының Боковская ст. Коньки хуторында гранит ескерткіші тұрғызылды. Сондай-ақ, Қарағандыда және оның отанында орнатылған. Қарағанды қаласының ең әдемі көшелерінің бірі және спорт сарайы оның есімін иеленген. Ол туралы кітаптар, өлеңдер, әндер жазылған, спектакльдер қойылған. («Bolashaq Academy»)



Кеңес Одағының батыры Нұркен Әбдіров 1919 жылы тамызда Қарқаралы өңірінде бұрынғы бесінші ауыл, қазіргі Нұркен атындағы ауыл округінде дүниеге келген. Отбасы қарапайым шаруа болған. Ата-анасымен бірге Қарағандыға қоныс аударған соң осы қалада әуе клубында ұшқыш мамандығын игерген. 1939 жылы Қарағанды аэроклубының ұшқыштар курсы бітірді. Осы оқу ордасының алғашқы түлектерінің бірі болды. Қызыл Әскер қатарына 1940 жылы шақырылды.

Соғыс басталған кезде Нұркен Орынбордың әуе училищесінің курсанты болып оқып жүрген. 1942 жылы оқуды бітірген соң оған қысқа мерзімді демалыс берілген, алайда ол бұл демалыстан бас тартты.

Орынбордың әуе училищесін тәмамдаған Нұркен Әбдіров 1942 жылы 9 қазанда 267 әуе дивизиясының 808-ші шабуылшы полкі құрамына кіреді. 23 қазанда алғаш рет жауынгерлік тапсырмамен ұшады.

1942 жылы 19 желтоқсанында соңғы 17-ші жауынгерлік тапсырманы орындауға ұшты. Бұл күні Нұркен Боков-Пономаров ауданындағы дұшпанның көптеген

танкі шоғырланған және күшті бекінген шебіне "ИЛ-2" самолеттер звеносын бастап баруға бұйрық алды. Әбдіров жаудың бірнеше дзотын, зенитті артиллериясының екі ұясын, алты танкісін жойды.

Жау жағы да қарап қалмады. Атылған жау оғының бірі Әбдіровтің ұшағына тиіп, ұшақ жана бастады. Ол отқа оранған ұшағын жау әскері шоғырланған тұсқа қарай бағыттады. Осылайша құлдилай құлаған ұшақ ішіндегі Нұркен Әбдіров пен оның қандыкөйлек серігі атқыш әрі байланысшы Александр Комиссаров екеуі жаудың қаншама әскерін қырып, 1942 жылы 9 желтоқсанда ерлікпен қаза тапты.

Осы ерлігі үшін Нұркен Әбдіровке 1943 жылдың 31 наурызында "Кеңес Одағының Батыры" атағы берілді.

Әбдіровтің бұл ерлігін майдандағы достары соғыс біткен соң хатқа түсірді. Соның бірі жауынгерлік тапсырмаға Нұркен Әбдіровтің экипажымен бірге шыққан, жау әскерін бомбалаған Алексей Писанконың экипажы болатын. Майдандас досы Писанко Әбдіровтің ұшағына оқ тигенін көріп, ұрыстан шығуын сұраған. "Ұрыстан шық, мен сені қорғаймын, өзіміздің шепке қарай бұрыл!" деп жанталаса айғайласа керек.

Алайда Әбдіров отқа оранған ұшақты жанар-жағармай таситын көліктерінің жанында шоғырланған неміс танкілеріне қарай бұрды. Салмағы алты тонна ұшақ жанар-жағармай құйылған цистернаға соғылды. Жойқын жарылыстан жер сілкінді. Жаудың алты танкісі, екі зеңбірегі, ондаған солдатты мен офицерін жойды.

«Ерлік елге – мұра, ұрпаққа ұран!». Бүгінгі біздің Тәуелсіз ел атануымыз үшін Ұлы Отан соғысы жылдары ерлікпен қаза тапқан ерлер есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

(Sputnik.kz)

Сурет: ашық дереккөздері және Egemen Kazaqstan газетінен





ҒҰН КҮЙМЕСІ

Көзі қарақты қауым һәм маман тарихшылардың бәрі біледі, қазіргі қазақ халқы әлем тарихына тұңғыш рет еуразиялық аумақта көшпелі империя құрғандар – көне ғұндардың ұрпағы. Ұлы ақын Мағжан Жұмабай «Ерте күнде отты Күннен Ғұн туған, Отты Ғұннан от боп ойнап мен туғам» дегенді бекер айтпаған болар.


2010 жылы жарық көрген бес томдық «Қазақстан тарихы» атты еңбектің бірінші томының 245-ші бетінде: «Ғұндар б.з.б. I мыңжылдықта қазіргі Моңғолия оңтүстігі Ордастан Каспиге дейінгі Орталық Азияның ұлан-байтақ кеңістігін тайпалық одақ» деген пайым айтылыпты. Демек біздің аталарымыз кезінде күллі Еуразияға үстемдік жүргізді деген сөз. «Ат аунаған жерде түк қалады» дегендей қазіргі таңда осындағы апайтөс еуразиялық аумақта ғұн дәуіріне тән 13 үлкен ескерткіш кешен болса, осында 2000-ға жуық әртүрлі қорған-оба орналасқан екен. Бір қызығы, жоғарыдағы 13 ескерткіш-қорғанның 9-ы ежелгі Өтукен қойнауында, яғни Моңғол даласында жатыр. Осындағы 9 үлкен

ескерткіш кешенмен салалас 3 мыңға жуық оба-қорым бар болса, бұлардың дені кіші қорымдар, ғылыми тілмен айтқанда шағын көмекші қорғандар екен.

Бұл ескерткіш қорғандардың ең ірісі Ноин Ула кешеніне 1924 жылы орыс зерттеушісі Козлов бастап жүргізген күннен бері қарай 100 жылда Моңғол үстіртінде орналасқан 40-қа жуық ғұн кешеніне үлкенді-кішілі археологиялық қазба жүргізілген екен.

Соңғы жылдары бұл үрдіс жалғасын тауып моңғол археологтары Ресей Ғылым академиясы Археология институтының Сібір бөлімшесінің маман археологтарымен бірлесіп жоғарыдағы ғұндар ескерткіш кешендеріне ғылыми қазба жұмыстарын жүйелі жүргізіп

келеді. Нәтиже жаман емес, бірлескен жұмыс тобы 2005-2015 жылдар аралығында ғұндардың ақсүйектері жерленген төрт ірі қорған мен төрт кіші обаға жүргізген қазба жұмысы барысында 1300-ге жуық заттық артефакті тапқан екен.



Қазба кезінде табылған Күркелі күйменің сұлбасы

Жуықта іссапармен Ұланбатыр қаласында он шақты күн болған едік. Осы орайда шаһар орталығында орналасқан Ұлттық музейдің Ерте дәуір тарихы залында ашылған «Ғұндар: Археологиялық жаңалықтардың ашылуы» атты көрмені тамашаладық. Онда жоғарыда айтқанымыздай жаңадан табылған 1300-ге жуық заттық бұйымның ішінен таңдап алынған 400 жәдігер көрме сөресіне орналасыпты.

Көрме сөресіндегі жәдігерлер арасынан біздің

назарымызды аударған жәдігер – ғұн күймесі. Маман тарихшы-археолог қазақ азаматы, қаладағы Амеркан мектебінің ұстазы Маратхан Анарханұлы мырзаның айтуына қарағанда, бұл жәдігер алғаш 2011 жылы Арқанғай аймағының

Өндір-Ұлан сұмын жеріндегі Балғасын тал деген алқапта орналасқан ғұн қорғандарынан табылған екен. Бірақ қорғанның мемлекеттік тіркелу ретіне байланысты табылған жері «Гол мод II» деген атаумен ғылыми айналымға еніпті. Дәл осы аумақта ғұн дәуіріне қатысты 600-ге жуық әртүрлі нысан (үлкен қорған, кіші қорған, жеке оба, т.б.) бар көрінеді.

Қазба кезінде 12,9 метр тереңдіктен табылған күйменің сипаты жайлы анықталықта былай деп жазылыпты: оның

доңғалақ шеңбері 19 ағаш тірекпен шабақталған, оның әрбірінің ұзындығы 90 см, шабақ ағаштың жуандығы 0,8-1 см. Күйменің адам отыратын бөлігінің қабырғасы 45-50 м биік, ал ені 60 см. Сондай-ақ үстінде темір қазан және шағын шөміш қатарлы заттар қойылған.

«Ғұндар күймені соғыс және көші-қон кезінде пайдаланған. Мұндай соғыс күймелері тек ақсүйектер қорымынан табылып отыр. Әзірге табылған күймелерді мамандар «күркелі күйме» және «дүкенше күйме» деп екіге бөлсе, ал оған жегетін жануарға қатысты түйе күйме, ат күйме, өгіз күйме деп атаған екен. Табылып жатқан

күймелердің дені күркелі күймелер. Күркелі күймені олар тек салтанат үшін пайдаланса, дүкенше күймені алыс сапарға шыққанда қажет еткен. Күркелі күймені қытай жазбаларында «Яо чэ» деп атаған. Сондай-ақ, көне қытай деректерінде Хань империясы ғұн билеушілеріне (шаньюй) күйме сыйға бергені хақында көп айтылады», – дейді Маратхан бауырымыз.

Автор: БЕКЕН Қайратұлы,
E-history.kz



Күркелі күйменің сызба жаңғыртпасы

1 сәуір – Құстар күні

«ЖЫЛ ҚҰСТАРЫ КӨКТЕМДЕ, КЕРУЕНДЕП КЕЛЕДІ»

Абдрахман Асылбек

*Америка Құрама Штаттарында алғаш рет Құстар күні – жаппай балалар мерекесі ретінде басталды. 1894 жылы мерекелік іс-шараны Пенсильвания штаты Ойл-Сити қаласындағы мұғалімі Чарльз Бабкок ұйымдастырды


*Арнайы зерттеу жүргізген Австралиядағы Жаңа Оңтүстік Уэльс университеті ғалымдарының есебінше, бүгінде әлем бойынша шамамен 50 млрд жабайы құс бар.

*Қазақстанда құстың 500 - ден астам түрі бар. Оларды құстанушылар 20 отрядқа топтастырып зерттейді. Осы 500-дің ішінде 60-тай түрі маусымдық көші-қонға қатысады. Ал 250-ден астам түрі кәдімгі жыл құстарына жатады.



*Андрей Гавриловтың мәліметі бойынша, Қазақстанның табиғат жанашырлары көктем сайын қуана қарсы, алып, күз сайын қимай-қимай көзбен ұзататын жыл құстары әлемнің 63 еліне ортақ табиғи ресурс болып есептеледі екен.

«Біз Қазақстанда ұстап балағына сақина тағып қоя берген құстар Ұлыбритания мен Якутияға дейінгі, Малайзиядан Африкаға дейінгі аралықтағы 63 мемлекетте құстанушылардың көзіне, фототұзақтарға түскен. Яғни, бұл құстар осынша елдің ортақ ресурсы болып саналады. Оны ешбір ел өзіне меншіктей алмайды. Сәйкесінше қауіпсіздігіне, құрып кетпеуіне де бірдей жауапты», – дейді ғалым.



1 сәуір – Халықаралық құстар күні. Бұл күн сонау 1906 жылдан, құстарды қорғау туралы Халықаралық конвенция жарияланғаннан бері аталып келеді. Бүкіл дүние жүзінде құстардың 9 мыңдай түрі тіршілік етеді. Біздің еліміз де құстарға өте бай. Қазақстанда құстардың 500 - ге жуық түрі бар. Олардың күз айларындағы саны шамамен 18 - 20 миллионға жетеді. Бұл – үлкен байлық. Сондықтан да біз оларды қорғап, пайдалана білуіміз керек. Құстар орман, жер зиянкестерімен қоректеніп ауыл шаруашылығына пайдасын тигізеді. Ал құстардың эстетикалық мәні өз алдына бір төбе.

Талай сазгерлер құстардың үнін әуенге қосса, талай ақындар құстар туралы тамаша жырлар жазған. Құстардың ұшу заңдылығын алғаш рет Леонардо да Винчи зерттеген екен. Содан бері көптеген авиаконструкторлар құстарды негізге алып, талай ұшақтар жасап шығарды емес пе?! Құстар - омыртқалы жануарлардың ішінде Жер шарында кеңінен таралған жануарлар. Құстарды дене құрылысына, тіршілік әрекетіне байланысты 3 топқа бөледі. Олар: 1. Қыртөссіздер (жүгіретін құстар); 2. Жүзетін құстар (пингвиндер); 3. Қыртөстілер (ұшатын құстар). Құс - табиғат, өмір көркі. Халық шебер әншісін бұлбұлға, ардақты азаматын сұңқарға, қас сұлуын аққуға, өз жігітін жапалаққа теңеген.

Қазақстанның биологтардың бірімен бірге сақтау қауымдастығы мен Құстарды қорғау одағы бірлесе отырып елімізде биылғы 2012 жыл құсына дала қыранын лайық деп ұйғарды. Дала қыранын тану аса қиындық тудырмайды, ол ел аумағында кеңінен таралған құс. Соңғы кезде саны азайып бара жатқан бұл құс ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген дала қыраны мемлекет қамқорлығына алынған. Құс табиғат байлығы. Көктемде құстар оңтүстіктен оралады. Құстар - достар дегендей адамдардың ең жақсы көретіні - құстар. Құстарсыз орманның сәні келіспейді. Құстардың дауысы орманға бір сиқырлы көрік беріп тұрады. Құс табиғатқа тек көрік беріп тұрады десек онымыз дұрыс болмас себебі, құстардың тіршілігі орман, бау - бақша зиянкестерді жойып, адамға көп көмегін тигізеді. Жануарлар мен аң - құстарда кез келген адам біле бермейтін немесе аңғармайтын өзіндік тіршіліктеріне тән қасиеттері, әдеттері мен қызықты әрі сирек кездесетін табиғи ерекше мінез - құлықтары болады. Бұл қызықты жайларды біздің ежелгі ата - бабаларымыз далада еңбек етіп жүріп, мал бағып немесе аң аулап жүріп анықтаған. Әрі қызықты, әрі тағылымды осындай жайлар өмірімізде әрқашанда қажет.

Nationalgeographic.kz; jambyk.kz



Farabi shákirti

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

АБАЙ ҚҰНАЙБАЙҰЛЫ ВЕСНА

Как весенней порою шумят тополя!
Ходит ветер, цветочною пылью пыля,
Всё живое обласкано солнцем степным,
Пестроцветным ковром зацветает земля.

И смеётся, и песни поет молодёжь,
Да и старых по юртам ищи — не найдешь:
И со смертного ложа могли б их поднять
Песни, солнце, и ветер, и птичий галдёж.

На весеннем кочевье аулы сошлись,
В общей радости родственники обнялись,
А знакомые просто, шутя и смеясь,
Обо всём толковать по душам принялись.

Верблюжонка верблюдица громко зовёт,
Блеют овцы, в кустах птичий гомон встаёт,
Мотыльки — над травой и в ветвях тополей,
Заглядевшихся в светлое зеркало вод.

Сколько птицы! В любом приозёрном пруду
Тронь осоку — и лебедь пойдёт в высоту.
Скачешь - смотришь, как спущенный сокол ручной
Из-под облака лебедя бьёт на лету
Возвращаешься девушка - крикнет:
«Постой, Покажи, что добыл, молодой, холостой!».

И все девушки лучший надели убор,
И долины в тюльпанах, как пёстрый ковёр,
В приозёрных низинах гремят соловьи,
Им кукушки зарёй отзываются с гор.

На верблюдах товары привозит купец,
У хозяев двоятся отары овец;
Тяжек труд у крестьян - пахота и посев,
Но земля им сторицей воздаст под конец.

Благодатною радостью мир напоён,
Бесконечно украшен создателем он!
Материнскою грудью вскормила земля
Все, что солнцем зачал в ней отец-небосклон.

Как не верить нам в милость природы-творца.
Если в мире весеннем щедрот без конца,
Если тучен наш скот, если вдоволь еды,
Если радостно бьются людские сердца?



Дух весны из тихони творит храбрца,
Стали щедрыми все, кроме злого скупца.
Всё дивится ликующей силе земной
Всё живёт, кроме чёрного камня-гольца.

Старики одряхлевшие, снега седей,
Согреваются, смотрят на игры детей;
В голубых небесах - певчих птиц голоса,
На озёрах по заводям - крик лебедей.

В полночь - яркие звёзды, большая луна.
Как же им не гореть, если полночь темна?
Не померкнут они, лишь наступит заря,
Животворного, ясного света полна.

Звёзды прочь прогоняет невеста-земля,
Ведь жених её - солнце, - о встрече моля,
Ждал всю ночь, и свидания час наступил,
И румянец зари покрывает поля.

Только ветер великих просторов земных
Долетит через тучи до звёзд золотых
И расскажет, как счастлив с невестой жених,
Как весь мир согревается радостью их.

Ведь всю зиму земля, поседев добела,
Жениха своего терпеливо ждала.
И теперь она вновь, молода и светла.
Засмеялась, запела, как мак, расцвела.

Глянуть прямо на солнце - болеть слепотой.
Я, живущий великой его теплотой,
Только вечером видел, как сходит оно
В свой, повитый закатом, шатёр золотой.

Автор портрета: Кулахмет Ходжиков

Перевод Л. Шубина
Adebiportal.kz
Фото: 365 info



Наши известные личности за рубежом



МАРАТ БИСЕНГАЛИЕВ

Это потрясающий скрипач и дирижёр, уроженец города Алматы, уже более двадцати лет проживает в Великобритании, но несмотря на это остается верен своей родине - гражданство он так и не сменил. Профессор Бирмингемской консерватории, заслуженный деятель Республики Казахстан, один из директоров Альянса оркестров AAPRO - все эти регалии принадлежат ему.

Фото: gazeta.ru



ГОГА АШКЕНАЗИ

На втором месте - одна из богатейших женщин мира, владелица модного дома Vionnet/Paris. Уроженка города Джамбул, еще в детстве вместе с матерью переехала в Москву.

В 13 лет Гаухар отдали в закрытую английскую школу, по окончании которой она поступила в Оксфорд на экономико-исторический факультет.

Сейчас эта удивительная женщина является генеральным директором частной казахстанской нефтегазовой компании «МунайГаз Инжиниринг Групп». В

её окружении - весь бомонд: актеры кино, известные бизнесмены и даже члены королевской семьи.

Фото: blogos.kz

МАРАТ ЖЫЛАНБАЕВ

Один из самых выдающихся людей Казахстана - это марафонец из Экибастуза Марат Жыланбаев. Он (впервые в истории человечества!) пересёк Сахару бе-



гом с севера на юг, установив таким образом 7 рекордов, занесённых в Книгу Гиннеса.


Сейчас ему 51 год, он тренирует марафонцев и посвятил себя семье - у него три дочери и один сын.

Фото: imgartists.com

ШУХРАТ МИТАЛИПОВ

Четвертое место досталось учёному родом из Алматинской области. Именно он сделал прорыв в генетике и впервые в истории клонировал приматов. Сейчас Шухрат проживает в Америке, является соавтором исследования, в котором удалось создать генетически модифицированных обезьян.

Фото: rus.azattyq.org





ГУЛЬЖАН МОЛДЖАНОВА

Одна из самых влиятельных женщин мира - казашка Гульжан Молджанова. В списке делового журнала Forbes она заняла 37 место, таким образом обогнав бывшую первую леди США Лору Буш, королеву Великобритании и нескольких президентов.

Её карьерный рост был стремительным и быстрым: в 1995 году была вынуждена устроиться к бывшему сокурснику секретарём, а уже через 2 недели её назначили финансовым директором.

Сейчас она возглавляет крупнейшую российскую финансово-промышленную компанию «Базовый элемент». Считается богатейшей женщиной Казахстана.

Фото: echo.msk.ru



МАРИЯ МУДРЯК

Казахстанская оперная дива, которая входит в ТОП-10 лучших сопрано мира. На сцену впервые вышла в 3 года, тогда же выпустила первый альбом «Машенька», который облетел мир и сделал её очень известной в музыкальных кругах. В 10 лет она переехала в Италию, но по сей день не сменила гражданство.

Фото: info-tses.kz



ДЖАМИЛЯ СТЕХЛИКОВА

Первый европейский министр с казахскими кор-

нями - политик Джамия Стехликова. Она занимала пост министра по правам человека и нацменьшинств в правительстве Чехии с 2006 по 2008 год, а в 2010 году возглавила Чешский комитет по правам женщин и Республиканский центр по борьбе со СПИДом.

Фото: rus.azattyq.org



ЕВГЕНИЙ НАБОКОВ

Профессиональный хоккеист — вратарь Евгений Набоков. Этот спортсмен установил рекорд НХЛ, одержав 11 выездных побед, а кроме того, стал вторым вратарём, который одержал более 40 побед за 3 сезона подряд, имеет титул лучшего вратаря Чемпионата мира 2008. Сейчас проживает в Северной Америке.



АЛАН БУРИБАЕВ

Замыкает наш список дирижёр, музыкальный руководитель Национального симфонического оркестра Ирландии. Алан Бурибаев родился в Алматы, в семье потомственных музыкантов. По окончании Казахской консерватории продолжил обучение в Венском университете музыки. Победа на Международном конкурсе дирижёров в Загребе принесла ему мировую славу и предложения о сотрудничестве от известных европейских оркестров.

Фото: news.headline.kz

Это далеко не полный список казахов, которые добились мировой известности. Но именно эти люди мне показались самыми интересными — каждый из них сам построил свою судьбу, несмотря на все преграды.

Zagranisa.com



30 ЛУЧШИХ УНИВЕРСИТЕТОВ ЕВРОПЫ

(Начало в номере 3, 2024 года)

13. Парижский исследовательский университет (Paris Sciences et Lettres), Франция

Университет основан в 2010 году, хотя некоторые из институтов-членов родом из эпохи Просвещения (1700-е годы. – Прим. ред.). Сегодня он охватывает все области знаний. А в 2015 году получил статус исследовательского.

Здесь есть команда «Управленческая аналитика». Она объединяет ученых и студентов компьютерных наук, экономики, менеджмента, политологии и социологии. Они исследуют механизмы коллективного принятия решений и как работают рынки.

В университете учатся 17 тыс. студентов, две трети из них – в аспирантуре или докторантуре (40% – иностранцы).

Среди известных выпускников – изобретатель пастеризации Луи Пастер.

14. Манчестерский университет (University of Manchester)⁰, Великобритания

Создан в 2004 году после слияния Манчестерского университета Виктории и Научно-технологического института Манчестерского университета.

Среди выпускников, аспирантов и сотрудников университета были 25 лауреатов Нобелевской премии. Сегодня здесь обучаются почти 40,5 тыс. студентов. Из них более 25% – иностранцы.

15. Вагенингенский университет и научно-исследовательский центр (Wageningen University & Research), Нидерланды

Самый «зеленый» университет в Нидерландах, так как

специализируется на защите окружающей среды.

Его миссия – исследовать потенциал природы, чтобы улучшить качество жизни. В университете действует шесть программ с преподаванием на английском языке. Среди них – «Международное управление земельными и водными ресурсами». Курс поможет находить баланс между удовлетворением потребностей человека и защитой окружающей среды.

Здесь учится 12,5 тыс. студентов из 100 стран.

16. Амстердамский университет (UvA), Нидерланды
История Амстердамского университета началась в 1632 году, когда два профессора Герард Воссюс и Каспар Варлей прочитали свои лекции в так называемой «иллюстрационной школе».

Сегодня здесь учатся около 40 тыс. студентов, 10 тыс. – иностранцы. Особенность – здесь много магистерских программ на английском языке.

17. Лейденский университет (Leiden University), Нидерланды

Старейший университет Нидерландов расположен в городах Лейдене и Гааге. Основан в 1575 году.

Среди выдающихся выпускников Лейдена – члены королевской семьи Нидерландов, бывший генеральный секретарь НАТО профессор Яап де Хооп Схеффер и нынешний премьер-министр Нидерландов Марк Рютте.

Сегодня там учится 28 тыс. студентов из 120 разных стран.

18. Университет имени Эразма Роттердамского (Erasmus University Rotterdam), Нидерланды



Этот государственный университет назван в честь Эразма Роттердамского, гуманиста и теолога XV века.

Сегодня он состоит из семи факультетов, двух специальных институтов и университетского колледжа. Ежегодно здесь учится 23 тыс. человек.

При университете есть Школа экономики и бизнеса (Erasmus School of Economics) и Роттердамская школа менеджмента. Последняя получила тройную аккредитацию международных органов управления образованием AMBA, EQUIS и AACSB.

19. Цюрихский университет (University of Zurich), Швейцария

Этот университет основан в 1833 году. Он стал первым университетом в Европе, который учредило демократическое правительство, а не монарх или церковь.

Сейчас это крупнейший университет Швейцарии, в котором обучается 26 тыс. студентов. Он состоит из семи факультетов, которые предлагают более 100 программ для получения степени бакалавра и магистра. Все магистерские курсы преподают на английском языке.

20. Утрехтский университет (Utrecht University), Нидерланды

Основан в 1636 году в Соединенных провинциях. В 1817 году получил статус королевского университета, а с 1961 года стал государственным.

Среди выпускников и преподавателей университета 12 лауреатов Нобелевской премии. Ежегодно здесь обучается около 30 тыс. студентов.

Утрехтский университет предлагает более 90 программ магистратуры и 12 бакалавриата. Все они на английском языке. Например, на курсе по экономике и бизнесу вы поймете:

Источник: Facebook-страница Utrecht University

21. Университет Уорика (University of Warwick), Великобритания

Основан в 1965 году в городе Ковентри на западе Англии. Но в 80-х стал очень популярным из-за нового взгляда на процесс образования: здесь построили систему бизнес-подхода. Для этого университет коммерциализировал исследовательские проекты на базе университета и стал сотрудничать с представителями бизнес-сообщества региона.

22. Делфтский технологический университет (TU Delft), Нидерланды

Студенческий городок Делфт расположенный между Роттердамом и Гаагой. Университет основал в 1842 году король Нидерландов Виллем II. Тогда это была Королевская академия для подготовки инженеров и государственных служащих.


Здесь учится около 16 тыс. студентов, многие из других стран. Университет состоит из восьми факультетов и предлагает 14 курсов для студентов и свыше 30 для аспирантов.

Все дисциплины магистратуры преподают на английском языке, большинство программ бакалавриата – на нидерландском.

Фото: Uniminid; Smahse Education; Global Study; StuduLab



The most beautiful places in Kazakhstan:



BURBAI - KAZAKHSTAN SWITZERLAND

Where is the most beautiful nature in Kazakhstan? The Katon-Karagai National Natural Parks and the Burbai resort area, the mysterious Shaitankol Lake are famous for their rich and diverse nature. In the north of the Akmola region there is the Burabai National Nature Park, which occupies 25 hectares. The picturesque lake in this park has become the center of the resort, which is called Kazakhstan Switzerland. Sanatoriums and boarding houses are shrouded in the resinous aroma of coastal forests and are famous for therapeutic mud. The main attraction of these places is the island of Zhumbaktas on the lake. This is a 20-meter mystery rock, which from different sides resembles a sphinx, an old woman, or a girl.

KATON-KARAGAI

Nature Reserve In Kazakhstan, specially protected by law reserves, parks, sanctuaries have been created. The largest national natural park is Katon - Karagai in the East Kazakhstan region, which stretches over 6 thousand km². The nature of this reserve is rich. One third of the park is occupied by forests. There are mountain peaks, stormy rivers, rocky formations, clean springs. There are historical mounds and petroglyphs on its territory. Some places of the park were included in the state project "Sacred Geography of Kazakhstan".

LAKE SHAITANKOL

Near the city of Karkaralinsk there is one of the most mysterious places — Lake Shaitankol. It is on the list of protected areas of the Republic of Kazakhstan. The lake fascinates with its amazing bright blue water surface. The water level in the lake never decreases or rises, but its depth is still unknown. Tourists will learn a lot of legends about this place.

AZRET SULTAN

Historical and Cultural Reserve Crowds of tourists and thousands of pilgrims are eager to visit this historical place in the city of Turkestan. Its main attraction is the mausoleum of Khoja Akhmet Yasawi, a philosopher and poet of the XII century. The mausoleum is a grandiose building with a dome, a monument of the XIV century. It is protected by UNESCO as a historical, religious and scientific site. The complex of the reserve includes

palaces, temples, an underground house for reflection, a medieval bathhouse.

THE TRANS — ILI ALATAU

The Trans - Ili Alatau, two ranges of mountain peaks to the east of Almaty, is one of the most fascinating places. Mountain glaciers, rivers, and picturesque valleys are tempting for tourists here. These places have become one of the centers of international mountaineering: schools have been opened, instructor training is available, and mountain routes of varying complexity have been developed.

LAKE ALAKOL

In the southeastern part of Kazakhstan is one of the most beautiful and healing places - Lake Alakol. The crystal clear salt water of the reservoir is emphasized by the black pebbles of the shores. The lake is of impressive size: its length is 102 km, width is 52 km, depth reaches 54 m. Recreation centers and boarding houses are located along the shores. Candidate of Pedagogical Sciences Elena Abenova compared the water of Lake Alakol with the water of the Black Sea. It contains almost all the elements of the periodic table, except for iodine.



BELUKHA MOUNTAIN

In the border zone with the Russian Federation is the highest point of the Altai Mountains - the double-headed Belukha mountain with a height of 4.5 thousand m. The southern and eastern slopes of the mountain are located on the territory of the Katon-Karagai Natural Park. Its snow-white peaks in the form of irregular pyramids connected by a bridge are open to the eyes. The Katun River and other smaller rivers originate from the Belukha glaciers. Glaciers and waterfalls of mountain rivers attract extreme tourists and athletes.

KAINDY LAKE

In the Almaty region in the Kengei-Alatau gorge at an altitude of 1667 m above sea level there is an unusual lake of Kaindy in origin and beauty. It arose as a result of an earthquake in 1911. Landslides then blocked the gorge, and spring water filled the basin. At the same time, the living forest was flooded, and the tops of the trees still rise above the water. An unusual picture

10 attractive locations for tourists



opens up to tourists: rainbow trout swim in turquoise-transparent water between the trees. The lake is surrounded by picturesque rocky slopes and steep cliffs.

SINGING DUNES

There is an unusual mountain in Kazakhstan that sings. A sand dune with a length of more than 3 km and a height of 150-200 m rises on the banks of the river or in the Altyn-Emel Nature Reserve. This dune has not been roaming for several thousand years, it occupies the same place. The phenomenon of the dune was unusual sounds in gusts of wind. Someone attributes the sounds to gins, someone hears the moans of Genghis Khan, allegedly buried here. These sounds are explained by the friction of dry grains of sand against each other when moving.

CHARYN CANYON

Charyn Canyon, two hundred kilometers from Almaty, you can admire a landscape similar to the North American one. This ancient place is the 154 km long Charyn Canyon, which is often called the Valley of Castles. It is assumed that millions of years ago there was an ancient sea bottom here. From bright red sandstone, nature has created bizarrely shaped rocks with a height of 150-300 m. They resemble fortresses, towers, or lizards. The rarest tree species grows here — the relict Sogdian ash, which is found only in North America. The natural landmark is protected by UNESCO.

A group of researchers of natural sites in Kazakhstan believes that unique nature reserves provide the greatest potential for the development of eco-tourism. Our contemporaries often seek to leave the cities to relax in nature. The beautiful places of Kazakhstan attract foreign tourists with their exoticism and diversity.

Source foto: ©Shutterstock; Tebgri travel; Sozmedia.kz; The Astana Times; Kazakhstan travel guide; Travek Wabder;

The material was prepared by the editors of the magazine "Farabi shakirti"

Жүмекен Нәжімеденов

*Сәуір туды, бұлттар
аппақ, су аппақ...*

Сәуір туды, бұлттар аппақ, су аппақ,
Шұлғиды алқап әлдекімді қуаттап.
Жайрап жатты осынау ұлы дүние
Кіп-кішкентай күн көзіне шуақтап.

Жолдың түгел ашылуын күтпелік:
Секір, толқын, шың, басынан тік келіп!
Дәл қосымда еміс-еміс сыбдыр бар,
Жанбасымда шалғын жатыр бүктеліп.

Мен де титтей бір шыбық боп көктедім.
Көктем, көктем, өлеңімді төк менің!
Мойындамай Алатау тұр жалғыз-ақ
Баурындағы Алматының көктемін.

